Орталық Азияны зерттеу институтының докторанты О. Сангхоның диссертациясының тақырыбы Қазақстандағы қалалардың даму тарихы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі әлеуметтік жағдайы, экономикасы, мәдениеті, тілдік саясатын қамтуға арналған. Қазақша Берік есімін иеленген. Қазақстанда білім алып қайтқан және біраз қалаларында болған. Батыс өңіріне келудің сәті түспеген. Орал қаласының тарихы жөнінде, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі қаладағы ономастикалық атаулардың жайы туралы біраз сұрақтар төңірегінде әңгіме өрбіттік. Қазақ еліне, тіліне деген сүйіспеншілігі мен құрметі өте жоғары. Оған дәлел Беріктің «Қазақстан – менің екінші Отанымдай» деген сөзі. Жас ғалым Корея елінде Орта Азияны зерттеуге, Қазақстанға арналған ғылыми еңбектер, қазақ тілінде ақпараттар аз болғандықтан, осы бағытта үлес қосып, ғылыми еңбектер жазуды мақсат еткен, сол бағытта ізденіп жүрген, екі ел арасындағы халықаралық ғылыми байланысты нығайтуға үлес қосуға талпынған жастың бірі. Қос тілді меңгерген жас маманның ғылымда бағындырар биіктері алда. Өйткені тіл меңгерген адам үшін ғылымда шекара жоқ.



### Қазақ шығармаларын қазақтай ұғынған корей қызы Ан Джихи

Ан Джихи есімді корей студенті қазақша Аяулым есімін иеленген. Бұл студентпен кездесу Сонгнам ауданында өтті. Тіл үйретуде тек аудиториядан шықпай, кітапқа үңілумен шектелмейтініміз анық. Ашық сөйлесу, қарым-қатынас тәжірибесі маңызды рөл атқаратынын да ескеру қажет. Аяулым қазақ тілін 2015 жылдан бері меңгеріп келеді. Қазір қосымша орыс тілін де меңгеруде. Бірнеше тілді білетін талапты жас. Қазақстанда білім алған. «Қазақстанда оқығанымда қазақ жастарының арасында өзара орысша сөйлесетін жастарды да кездестірдім. Қазақ тілін үйрену оңай болмағаны анық. Алайда «Талпынған жетер мұратқа дегендей», бар талпынысыммен қазақ тілін меңгердім. «Айқын» республикалық газетінде тілші ретінде тағылымдамадан өткенім – басты жетістіктерімнің бірі дер едім. Кореядағы Пульгосса деген бірнеше жылдық тарихы бар ұлттық жәдігер тарихи ескерткіші мен Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесімен салыстырып, талдаған мақалам жарияланғанда қатты қуандым. Одан кейін де бірнеше мақалалар жазып, редакцияға жіберіп отырдым»,- дейді Аяулым.

«Қазақтың ақын-жазушыларынан кімдерді білесің?» деген сұрағыма Абай Құнанбаевтан бастап, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Жамбыл Жабаев, Оралхан Бөкейлерді тізіп шықты. Ең бір таңданған тұсым, «Айқында» тәжірибеден өткенде, Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Келін» шығармасын оқып, жай оқып қана қоймай, мазмұнын жете түсініп, шығарма кейіпкері Тоқтаз пен Нұршат арасындағы және ене мен келін арасындағы қарым-қатынасты, сондағы қазақты рәбиені ұғып, шығарманың көтерген тақырыбын, жазушының идеясын дөп басып айтуы көңіл қуантарлық жағдай. Бұл жерде қазақша үйренген шетелдіктерді мақтау деп ұғынбау керек. Кейде ренжіп жатамыз, өзге ұлт өкілдерінің бірі қазақ тілінде сөйлесе, байқауларға қатысса, көкке көтеріміз деп. Ол елде тұрып жатқан қазақстандық азаматтарға қатысты. Олар қазақ тілін білуге міндетті. Шетелде тұрып, сол елдің азаматы болса да, қазақ тілін үйреніп, қазақша сөйлеп, тіл арқылы елге, ұлтқа деген ерекше құрметтерін танытатын шетелдіктерге деген біздің де құрметіміз жоғары.

### Қазақты таңқалдырған Чой Енсон

Чой Енсон, қазақша есімі Нұрай Орталық Азияны зерттеу институтының ассистент қызметкері. Заты корей болғанмен, аты да қазақ, тек аты емес, кішкентай жүрегінде қазақ халқына деген үлкен махаббаттан сыйғызған Нұрайдың институттағы жұмысы ақпарат бөлімімен байланысты. Орталық Азия елдері туралы маңызды ақпараттарды корей тіліне аударып, институт сайтына жариялап отырады. Ғылыми бағытта қазақша-корейше сөздік жұмысымен айналысып, осы бағытта жұмыстануда. Мақсатшыл қыз «Тек өзіме емес, өзгеге пайдам тисін» ұстанымда. Қазақ тілін үйренем деген мақсат түрткі болған жағдайдың бірін



# мен білікті арттырған

еске алды әңгіме барысында. Теледидар жаңалықтарынан корей дәрігері қазақстандық балаға ота жасайтындығы туралы ақпараттар берілген. Отадан кейін ол баланы Кореяға әкелгенде, корей тілінен орысшаға аударатын аудармашы боп, қиындықтар туғанынан хабардар болған. «Қазақша білгенімде мен де көмектесер ем аудармашы боп» деп армандаған Нұрай сол арманына қол жеткізген жандардың бірі.

Ханкук университетінен келіп, Орталық Азияны тану мамандығына оқуға түседі. Профессор Әлия Құрышжановкадан сабақ алып, қазақ тілін жоғарыда деңгейде меңгеріп шығады. Жоғары деңгейде меңгергенінің көрінісі Нұрайдың өткен жаздағы еліміздің елеулі оқиғалардың бірі болған, әлем көз тіккен ЭКСПО халықаралық көрмесінде қызмет етуі. Корей павильонында қазақша сайраған корей қызы көпке үлгі болды, көпті таң қалдырды. Өз басым Нұрайдың осы ЭКСПО-ға өткенге дейінгі сынақтан өту жағдайына таң қалдым. Сынақ тапсырмаларын қазақ тілінде талап етіп, орыс тілінде емтихан тапсырудан бас тартып, жалғыз өзі қазақ тілінде емтихан қабылдатқызған қайсар қыз. Қайсарлығы, қазақ болмаса да, қазақ тілінің мәртебесі үшін жасаған қадамында. «Қазақстанның Президенті келгенде, дәл қасында тұрып, корей павильонын таныстыру құрметіне ие болуым – қазақ тілін білгенімнің арқасында. Ол күн мен үшін тарихи сәттердің бірі» деп еске алады.

\* \* \* \* \*

Осыдан екі жыл бұрын облыстық қазақ драма театрында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен «Мәңгілік ел» – ұлттық тарих пен тарихи зердедегі құбылыс ретінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен блатын. Аталмыш шара Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастырған саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» жобасы аясында, «Шерлі шежіре аманаты» халықаралық форумы шеңберінде ұйымдастырылды. Сол басқосуға Оңтүстік Кореядан арнайы келген Ханкук университеті *Орталық Азияны зерттеу институтының профессоры* Ким Санг Челдің сөзі есімде қалған: «Сонау қиын жылдарда Қазақстан көптеген ұлт пен ұлыстардың өкілдеріне пана болғанын, өсіп-өркендеуіне жағдай жасағандығын жақсы білеміз. Қазақ халқының қонақжай пейілі мен кеңдігінің шапағатын көрген халықтардың ішінде көрістер

де бар. Құнарлы қазақ топырағында қазақтан жақсылық көрген бауырларымыз тамырын тереңге жіберіп, мәуелі бәйтерекке айналды. Ел өмірінің барлық саласына белсене араласуда». Есте қалар ерекше ілтипатпен қазақ халқына алғысын білдірген Ким Санг Чел қызмет жасаған универсиетке барарымды сол кезде білмегенім анық.

Бабаларына құрмет көрсеткен халыққа деген, елге деген алғыстың бірі шығар, Қазақстанда тұрмаса да, Нұрай секілді жастардың қазаққа деген ілтипаты.

Қазақ қайда жүрсе де қазақ. Корея еліне білім алмасумен оқуға барған қазақ студенттерінің басын қосып, мерекелік жиын ұйымдастырған Әлия апайымыз туралы «Әр қазақ – менің жалғызым» дейтін ақын Сабыр Адайдың сөзін еріксіз еске түсіреді. Шетелдіктерді қазақ тілінде сөйлетіп, қазаққа тәнті қылған, әлем таныған қазақтың ғалым қызы. Ханкук университетінде білім алып жатқан әрбір шетелдік студенттің қазақ тілін жетік меңгерудегі жеңісі осы ұстаз ебегінің жемісі екені даусыз.

Шетелдік ғылыми ортада зерттеу жұмыстарының ғылыми жаңалықтары мен негізгі тұжырымдарын танытудың өзектілігі, қазақстандық ғалымдар еңбектерінің рейтингісін арттыруға үлес қосу бағытында шетелдік профессорлар тарапынан ғылыми мақалаларымызға талдау жасалып, баға берілді.

Халықаралық ұйымдармен ғылыми, білім берудегі, тілдерді меңгертуде халықаралық тәжірибе алмасу, оқыту жүйесіндегі заманауи әдістер, білім нәтижесін бағалау жүйесі бойынша біліктілік артырып, тағылымдамадан өткендігі үшін берілетін сертификатқа да ие болдық.

Шетелдік профессорлармен жақын танысып, тәжірибелерімен бөлісіп, озық үлгілерін үйреніп, корей студенттеріне қазақ тілі сабақтарын жүргізіп, өз тәжірибемізді көрсетіп, біліктілігімізді арттыруға мүмкіндік берген қиыр шығыстағы бұл тағылымдаманың біз үшін әсері мол.

**Рүма СҰЛТАНҒАЛИЕВА,**

*М. Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Орал-Сеул-Ионин-Орал*



**Қазақстан Республикасының Елордасы - Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Жастар және ғылым» атты студенттердің ғылыми апталығы аясында Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен «Ғалым келбеті» атты педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлжан Алғазықызы Ергалиевамен кездесу кеші өтті. Кешті студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты аға оқытушы, магистр Ләззат Мұтиғоллақызы Маденова ұйымдастырған болатын. Тағылымды ойдың куәсі болған университет факультеттерінің 2-4 курс студенттері де бұл шараның жоғары деңгейде өтуі үшін талмай атсалысты.**

Алғашқы сөз алған педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Шынар Төлегенқызы Габрахманова Гүлжан Алғазықызын тұрпаты бөлек, баяндау мен ойлау жаратылысы, пайымдау табиғаты өзгеше жан ретінде кескіндеді. Шынайы да ізгі сезімдерді тоғыстыратын мөлдір де мәрт, жомарт та көусар бастау - ол білімнің алтын діңгегін сыйлайтын аяулы ұстаздық. Студенттер Гүлжан Алғазықызының сан жүздеген шәкірт тәрбиелеп, оларды білімге қанат қақтырған, оның алдын көрген шәкірттер бүгінде еліміздің әр түкпірі, әр қиырында абыроймен қызмет атқарып жүргендігін есітіп, тәнті болды. Кездесу барысын әсем ән мен тәтті

## Ғалым келбеті

күйге бөлеген өнерлі студенттердің дарындылығына сүйсіндік. Көрермендер Құрманғазының «Адай» күйін домбыраның құлағында төгілген Ардақ Жангелді, ата-бабамыздан бері жалғасып келе жатқан ән-жырды сүйіп өскен Нұрсұлтан Бақтыбай мен Дидар Мұхамбетовтің оқыған өлеңдерін көңілдеріне тоқып отырды. Кездесу кешіне келген Гүлжан Алғазықызының әріптестері ардагер-ұстаз Темірғали Қайырғалиұлы Қайырғалиев

пен аға оқытушы Дина Гарифуллақызы Хабиева да ғалымға өздерінің жүрекжарды тілектерін арнады.

Гүлжан Алғазықызы өз кезегінде ғылыми еңбек жолына тоқталып өтті. Сонымен қатар шараға Айзада Қоңырбаева, Нұртілек Алпысбай, Жұлдыз Абыз, Айбат Оразғали, Қарлығаш Төребекова, Айкүміс Кенжеғали, Лунара Темірова, Зарина Адилгереева, Дәрмен Орынбаев, Жұпар Жапалакова және

Нұрдаулет Мұратбаев сынды студенттер белсене атсалысты.

Кеш ұйымдастырушысы Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Ләззат Мұтиғоллақызы Маденова мәңгілік Қазақстанның болашақ жастарын ғылыми ізденістерге бағыттап, ғылымның қия жолында қанатының талмай, ел келешегіне аянбай еңбек етіп жүрген Гүлжан Алғазықызының өмір жолын дәріптеп, студент жастарды ғылымды меңгеріп, жаңалықтың жаршысы болуға шақырды.

**Сая ДУЙСЕНБАЙ**





# Өз образын өзі сомдаған Ғажат Жан...

Кейде қайсарлық пен батылдық табан асты, құм басты болған дәуірлердің еншісінде немесе батырлық деген ұғымның өзі сұрапыл соғыстарда ерлік көрсеткен баһадүрлердің сүйегімен бірге кеткеніндей сезінетініміз рас. Бүгінгідей «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманның» да пешенесінде болып жататын атан түйе көтере алмас қиындықтарды иығымен көтере білген жандардың жанкешті еңбектерін кей ортада еселей алмай, есімдерін ұлықтауды да ұмытып жататынымыз да рас.

Бірақ бұл мәселеде біздің Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ары таза. Бұл қарашаңырақ әр кезеңде еңбек еткен ұстаздарын, соғыс ардагерлерін, ерен еңбегі арқылы ортасынан оза шапқан азаматтарын ұлықтауда көпке үлгі көрсетіп жүр. Университетіміздің үлкен-кішісі егемен еліміздің іргетасының тақадай, қабырғасының берік болып, абырой дәрежесінің мықтылығын жасаған адамдарымен ғана мақтана алады. Өз ісінің шебері болған жандардың жетістіктерінің арқасында республикамыздағы ең беделді оқу орындарының бірі болып та саналады.

Бұл қабырғада кездейсоқ адамдарға, өмірлік ұстанымы солқылдақ, таным көкжиегі төмен жандарға орын жоқ. Мемлекеттік маңызды істі жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласына бағыттаған, елжанды жандардың қасықтап жиып беріп кеткен абырой-беделінің шөміштеп төгілуіне ылайым ешқашан жол берілмесе екен дейміз. Себебі, тұтас бір елдің тағдыры туралы білу үшін бүкіл аймақты аралап шығудың қажеті аз, білгің келген халықтың бір шаңырағының тыныс-тіршілігі мен тағдырын түгелдей білсең жетіп жатыр. Әрбір адам өзі өмір сүріп отырған елдің паспорты секілді, қайда жүрсе де оның ту сыртындағы тұрғылықты елінің жүгін арқалап тұратынын біреу сезінсе, біреу сезінгісі келмейді.

Сонау ежелгі дәуірде-ақ ұлы ғұлама Саиф Сараи ел басшыларына: «Елді күштеп, халықты ұйлықтыру оңайдың оңайы, ал сол ұйлыққан елдің бірлігін сақтап, тірлігін ұйымдастырудың жолы қиынның қиыны» деген екен. Сөзімің басын бұлайша ел мен елдегі адамдардың тағдырымен байланыстырып бастауымның мақсаты да – ел мүддесінің ешқашан ірісі немесе кішісі болмайтыны, өмірдің қай саласында да елінің мүддесін өзінен жоғары қоятын адамдардың болатындығы және олар алыста емес, арамызда жүргендігі қуантады. Жанымызда жүрген жақсы адамдардың бірегейі, артына сансыз саналы шәкірт ертерек, өзі де жақсы ортадан тәрбие көрген, қазақтың бетке ұстар талай зиялыларының батасын алған, өз замандастарын құрметке бөлеген, өзін де осы күнге дейін сыйлатып та, сүйіндіріп те жүрген, қандай мақтауға да лайықты, қадірлі ұстазымыз Меруерт апайдың мамандықтар арасындағы ең жауапты да жүгі ауыр ұстаздық еңбегінің арқасында өз образын өзі сомдаған еңбек адамының үлгісіне баладым. Меруерт Жолдықайырқызының осы қарашаңыраққа әуелі бала Меруерт болып келіп, кейіннен мейірлі ана Меруерт атанып, ал бүгінде ақ самайлы дана Меруерт болып университет тарихынан өз орнын ойып тұрып ала білген қадірлі жанға айналғанын айтқым келеді.

Олай дейтініміздің жөні бар, өз басым апай айтқан «Әкем - институт, шешем - кафедра» деген сөзінің жай ғана сөз емес, көпшілікке ұнап, Төле бидің сөзіндей нақылға айналған бұл сөздері іс жүзінде оның барлық саналы ғұмыры мен адами болмысы, қадір-қасиеті арқылы жүрегін жарып шыққан ризашылық сезімінен, өз тірлігін еңбек еткен ортасымен байланыстырған шынайы келбетінен екшелген, бүгінгіге ғана емес, тіпті келер ұрпаққа да жалғасын табатын саналы адамның өмірден түйген философиялық түйіні дер едім және бұл сөз болашақта да қызмет еткен ортасының ыстығына күйіп, суығына тоңуға бейім жастарға айтатын ғақлия сөзге айналары сөзсіз.

Себебі бұл екі компоненттен тұратын жай ғана метафораның тасасында үлкен тағылым жатыр, әсіресе, жастарға берер тәлімі мол. Кім болмасын, тіпті қай салада болмасын өзі еңбек ететін қызмет орнын бағалауға, ол ортаның олқысын толтырып, қай тұсы ойсырап тұрса сол тұстан табылуға үйрететін адалдықтың үлгісі дер едім. Жұмыс жасайтын орныңды тек күнелтістің, өлместің қамын жасайтын ортаға айналдыру немесе кіріп-шыққаныңа мәз болып, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп», тасада өмір сүруге машықтанғаннан жаман нәрсе жоқ шығар. Бұл оқу орнын бітірген ертелі-кеш жас ұрпақтың жылағаны жұбанды, қиналғаны қуанды, жетіммін деп келгендердің көз жасы құрғады, мүмкіндіктері шектеулілерінің жолы ашылды, өмірге үлкен жолдама алды. Себебі бұл университеттің 85 жылдан астам тарихында Меруерт апай секілді адамдардың қолымен жасалған игіліктердің ізі жойылған жоқ, жылы алақан-дарының табы өшкен жоқ. Соның нәтижелерін көріп те жүрміз. Бүгінде қазақ филологиясы кафедрасында талай қазақтың ұл-қызының Меруерттей болам, Мәтжан, Сарсен, Қалимолла, Қажым, Тәңірберген, Шәндә, Ұлыш, Серік, Отарәлідей болам дейтін жастары жауқазындай өсіп жатыр, қалай десек те, бәрінің де талаптары баянды болғай. Тек бүгінгі жастардың бұл ғажайып адамдардың

беделдерін белден баспауын ғана тілеймін.

Адам баласының арманы асқақ, Меруерт апайды бұл өмірдегі бақытты жандардың біріне санаймын. Адамның адамдығы том-том кітабы немесе жүздеген мақаласымен ғана өлшенбейді, сол көптеген кітаптар мен мақалалар жазатын адамдарды тәрбиелей білген еңбегінің көптігімен де еселенеді. Апай өмірдің көзге көрінбей, қолға ұстатпайтын қиындықтарымен арпалыса жүріп, соғыстың ауыр зардабынан тоңазыған тағдырымен беттесе жүріп, бүкіл өмірін өз балаларына, одан қалды ұстаз болғандықтан, қаймана қазақтың балаларының оқу-тәрбиесіне арнаумен жүріп, бар ынтасымен бастаған ғылыми жұмысын аяқтай алмады, талантты да өжет жанның ғылымдағы жолына түрлі қиындықтар шылаудай жабыса берді. Бірақ апайдың тындырған толағай істеріне қарап, қолында екі бет ғалымдық құжаты бар кей адамдардан көш ілгері тұратын азаматтығына, қатардан қалыс қалмайтын саяси сауаттылығына тәнті боласың. Қазірдің өзінде кейде сырқаттанып қалғанда болмаса, киоскіден газет-журналын бір құшақ етіп әкеле жатқан апайды көресің. Еліміздің кешелі-бүгінді, ертелі-кеш, болашақ жағдайымен үйде отырып-ақ қанығып отырады. Кей білгіштер кітапты көп оқыған миды шаршатады деуші еді, ал шындығында, кітапты көп оқитын жанның бірі апай болса, шүкір, шығандатып айтсам, ол кісінің биік сана-сезімі бүгінгі барлығымыздың зейінімізді бір ортаға қосқандағыдай қалыпта. Университетіміздің тарихын да өз тарихындай терең біледі, әлдеқашан оқуын бітіріп кеткен түлектерін де көшеде танып, шүйіркелесіп жатқанын жиі көретініміз рас. Бұл да ардақты ұстаздың ой көкжиегінің кеңдігін, саналық жетілудің жоғары сатысын иемденген ақыл-парасатының тәртіптілігін байқатады. Апай шәкірттері мен әріптестерінің бойларынан байқалған жамандық нышандарын дер шағында түзетуге асығады, ал шәкірттерінің жақсылығы мен жетістіктерін көрсе, қай ортада болса да елге таныстырып, мақтанышқа бөленіп жүреді. Ең бір асыл қасиетінің бірі де осы - адамдардың жетістігі үшін шын қуанып, жаны жадырап жүреді, сондықтан болар жаны таза бұл адамның еңсесі әрдайым биік, қадамы мығым, жүзі нұрлы, иіні биік ұстап, өмірге тіке қараумен тоқсан деген толыққанды адамның жасына аброймен жетті. Ұстазымызға тәңір Жамбылдың жасынан да асырып ұзақ та бақытты ғұмыр берсін, отбасы аман-түгел болып, таңдай қақтырардай жақсылықты үйіп-төгіп беріп, өз балаларымен қоса республиканың әр түпкіріне тарап кеткен шәкірттерінің де қызықтарын көруге жазып, өзін «ақ әже» деп атайтын шәкірттерінен тараған ондаған-жүздеген немере-шөберелерінің ардақтысына айнала берсін, себебі Меруерт әжесін сұрағыштап, алыстан сәлем жолдайтын «жаман немерелері» осы аймақтың қай әулетінде де баршылық.

Меруерт апаның тағы бір ерекшелігі - оның берген ақ батасында. Апай өзінің тұған балаларын ғылымға, еңбекке қалай баулыса, еңселердің де балаларының тағдырын ойлай жүреді, апайдан ақ бата алғандардың жаман болғаны жоқ. Апайдың біз де талай батасын алдық. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары осы қарашаңыраққа оқуға түсіп, алғашқы сабағымыз апайдың «Қазақ тілі практикумы» пәнінен басталды. 25 студентті түгендеп, танысып болғаннан кейін апай тосыннан: «Осы студенттердің ішінде Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық, мол жылдарындағы» Ерболдың образына кім шығарма жазды?» - деп сұрады. Студенттер бір-біріне қарап отырысты, сол сәтте мен қол көтердім, себебі шығарма сынағында сол тақырыпты таңдаған жалғыз мен екенмін. Апай мені тұрғызып: «Әзілханның шығармасын неше рет оқыдың, саған соншалықты қатты ұнай ма, Ербол сияқты жігітті қалайсың ба?» - деп жымынып күлді де, «Сенің шығармаң екен ғой, жазуың ұнады, мен 5/4 қойдым, кіп-кішкентай болғаныңмен, үлкендерше ойлайды екенсің, жарайсың, ерте ме кеш пе саған да Ерболдай жігіт кездессін» - деді ұстазым. Шынында да, апайдың ақ батасы қабыл болып, жолдасым осы оқу орнының түлегі, тарих пәнінің озат мұғалімі, өз ісінің шебері, артық



сөзге жоқ, тиянақты, жастайынан өмірінде ешқашан қателікке бой алдырмаған, қиянатқа көнбеген, елім деп өткен елжанды Махамбет деген азамат болатын. Апай Махамбетке де батасын беріп, үнемі ардақ тұтып отыратын. Тоқсаныншы жылдардағы қиыншылықпен арпалысқан күндерімізде үйдегі бес баламыздың бәріне дерлік жақсылығын аямаған жандар Меруерт апам мен Мәтжан ұстазым болатын. Осындай ақ ниетті жандардың тілеуі болар, бүгінде балаларымыздың бірі саясаткер, бірі журналист, екеуі суретші, енді бірі еңбек десе, елең ететін қолғанатым болып қалыптасты.

Адам шапағаты - қолынан бір нәрсе беріп сені жұбатумен емес, өмір сүрудің даңғылын көрсетуден, өз үлгілерімен идеалыңа айнала білуімен еселенбек. Өмір сүрудің этикеттері мен қиындықтарын жеңудің жолдарын көрсететін осындай адамдар барда, кеме сыртында қалудан да қорықпайсың.

Имандай шыным, өз үйімізден көрген он жеті жылдық тәрбиемізбен алысқа шаптық десек те, үйден жырақтап үлкен өмірге аяқ басқанда иық теңестіретін жақсы адамдардың өмірде көп болғандығынан, қазір жақсылы-жаманды үлгісімен жас өмірлерге алмасып келіп тәлім беретін жандардың бірінен батылдықты, бірінен турашылдықты, бірінен жүйкеңді үзілкен ерекше мейірімділікті қабылдап, жеке тұлға болып қалыптасуға бейімделдік.

Меруерт апайдың мінезі нағыз контрасты бояуға толы жасампаз адам. Мейірімділігінде шек жоқ, ал ашуланса, бір ұнамсыз істі байқаса, көзіңе шұқып, желкеңнен нұқып, қадап, қақсап айтуды жөн көретін. Тіпті ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген Мәтжан ағайды да апай тәртіпке шақырғанда жас шамалары бірінің ізін бірі қуып жүрсе де, жас балаша жым болатын, «Меруерт апам» деп сыйлайтын. Бұл да болса айта қалсын дегендей сыйластықтың үлгісі болатын. Анда-санда бас қосқанда Меруерт апайдың сол кездердегі өзі көрген ақсүйектік тәрбиені кейінгілерден көре алмаған кездерінде талай ұрсып-ұрсып алғанының куәсі болдық. Апайдың зиялы қатарластарымен өткерген мағыналы өмір кезеңін сағынатынын біреу білсе, біреулер білгісі де келмейтін. Меруерт апам шын мәніндегі - тектіліктің эталоны, батырлықтың символы, адамгершіліктің үлгісіне лайықты еңбек адамы.

Құрметті ұстазымды мамырлап жеткен мамыр айындағы барлық мерекелерімен құттықтай отырып, зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Меруерт апам, осы әдемі қалпыңызда аман-есен болып, балаларыңыздың қызығын көріңіз, сіз тек қана от анасы, ұстаз ғана емес, өз заман тұсыңыздың белді қайраткерісіз, сізді ортамыздан күнде көріп жүрудің өзі - зор бақыт. Жан-жағыңызға шуақ шашып жүретін алтын жүрегіңіз шаруа соққан балғаның дүрсіліндей қуатты болсын, айналаңыз ізгі ниетті адамдарға толсын демекпін!

**Р.Қ. МҰХАМБЕТҚАЛИЕВА,**  
қазақ филологиясы кафедрасының доценті



# По жизни со спортом

**В эти дни старший преподаватель кафедры «Физвоспитание» Николай Акимович Антонов принимает поздравления в связи с 80-летием. Но знающие его многие годы по футбольным баталиям и лыжным гонкам уральцы считают эту цифру несурзной.**

На вопрос, как удается оставаться таким «живчиком», Николай Акимович с улыбкой говорит: «Мы военной заправки»..... Как только семья водителя из села Бударино переехала в Уральск, грянула война. Аким Иванович был призван на передовую, мать Прасковья Ивановна осталась с четырьмя детьми на руках. Так начиналось детство. Вновь пришлось перебираться в село к дедушке. Дети войны выросли быстро, Коля рано познал сельский труд, не остался в стороне от лозунга «Все для фронта, все для победы!». Одним из самых ярких воспоминаний детства стала посылка из воинской части отца с тканью и кое-какими продуктами - так командование решило хоть как-то поддержать семью бойца. После победы семья вновь вернулась в Уральск. В 1956 году он заканчивает СШ №10, его знают уже как хорошего гимнаста, футболиста, лыжника и боксера. Последний вид спорта пригодился, так-как частенько футбол заканчивался мальчишескими схватками «стенка на стенку». Служить пришлось в Германии, там выполнил норматив 1 разряда



по кроссу. После армии тренировал юношеские команды города, из которых вышли известные в республике футболисты Борис Архиреев, Валерий Белоцерковский, Владимир Григорьев. В 1961 году он как игрок попадает

в сборную области по футболу, которая занимает 5 место в Республике. Несколько лет пришлось пожить в Актыбинске, куда направили жену-учительницу. Там в 1966 году он становится чемпионом КазССР по футболу и вместе с командой получает право играть в первенстве СССР среди команд класса «Б». Вернувшись в родной город, Николай Акимович становится вторым тренером местного «Уральца». Через пару лет его воспитанник Анатолий Ионкин становится лучшим бомбардиром казахстанской лиги, а Матияс Хамитов, Борис Архиреев и Леонид Давыдов включаются в список 33 лучших игроков республики. В 1975 году, работая в педагогическом институте имени А.С. Пушкина, он выводит команду «Учитель» в чемпионы РК среди вузов. Затем эта команда занимает 6 место уже среди мастеров в первенстве КазССР. В 1995 году воспитанники Н.А. Антонова уже по мини-футболу заняли 4 место в Республике. В 1994-1996 годах он инспектировал матчи Суперлиги Казахстана. С 2006 года Николай Акимович вновь в родном вузе и тренирует футболистов. Коллеги знают его как настоящего труженика спорта, который в любую минуту готов выйти побороться за родной коллектив хоть в мини-футболе, хоть в шахматах. Гордится он и членами своей семьи. Отец одним из первых шоферов области стал кавалером ордена Ленина. Сын Николая Акимовича - Сергей - мастер спорта СССР по лыжам. Супруга Сергея - Елена - одна из самых именитых лыжниц Казахстана - заслуженный мастер спорта РК, 20 - кратная чемпионка РК, двукратная чемпионка Азии, участница 5 зимних Олимпийских Игр! Сейчас они живут в Москве и тренируют юношеские команды России. Что ж, военная заправка пригодились! Новых Вам жизненных и спортивных вершин, уважаемый Николай Акимович!

**Н. КУАНГАЛИЕВ**

**Тіршілікте ғұмыр кешіп, өмірде де, ғылымда да өз орныңды табу – үлкен бақыт. Қарымды еңбек етіп, өз жөніңді, өз жолыңды білу – ол да бір берекелі іс. Адам болып аяқ басқан соң, азамат боп қалыптасу - әркімге парыз. Тек ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парызқты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, ел анасына айналған ғалым, әрі ұстаз Ақзия Әділқызының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы.**

## Ақжарма ақ тілек ағытылған күн!

Ақзия Әділқызы 1958 жылдың 12 мамырында Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ш.Берсиев атындағы 8 жылдық мектептің 1-сыныбына барады. Балалық шағы Ойыл жағасындағы ақ тарының атасы Ш.Берсиев атындағы ауылда өтеді.

1971 жылы Орал қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернатының 7-сыныбына қабылданып, 1975 жылы аталған мектепті аяқтап шығады. Сол жылы Қаракөл орта мектебінің ұзартылған тобының мұғалімі ретінде еңбек жолын бастайды.

1976- 1979 жж. Орал педагогикалық училищесінде білім алады, 1979-1980 жж. Қаракөл ОМ бастауыш сыныбының мұғалімі болып жұмыс істеді.

1980 ж. Құрмет Белгісі орденді А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың студенті атанды. Аталған оқу орнын үздік бітірген соң 1984 жылдан 1987 жылға дейін Қаракөл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек жолын жалғастырады.

1987 жылы профессор М.Тілеужановтың шақыруымен А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы ретінде жұмысқа қабылданады. Бұдан кейін педагог ғылымға бет бұрып, 1989-1993 жж. ҰҒА жанындағы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының аспиранты атанады.

1993 ж. түркі әлеміне белгілі тіл маманы, академик, күні кеше ғана дүниеден озған Шора Сарыбақтың жетекшілігімен «Қазақ сөйленістеріндегі орыс тілінен енген сөздер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағы берілді.

Ғылым ордасы қарашаңырақта қатардағы ассистент, оқытушыдан бастап, аға оқытушы, доцент ғылыми дәрежесіне, сондай-ақ 1993-1995 жж. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, 2003-2005 жж. Практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2004ж. БҚМУ доценті, 2005-2006 жж. Практикалық қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі, 2006-2010 жж. Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасының доценті, 2011 ж. Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, доценті сынды лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, бүгінде студенттер мен ұжымның алдында өзіндік беделі, ұстанымы бар тұлға ретінде әбден мойындалды.

Өзінің ғылыми ізденіс жолында сол кезең үшін де, бүгінгі тіл ғылымы үшін де өзектілігін жоймаған қазақ тіл білімінің мәселелелері, оның ішінде лексика саласын арнайы тақырып ретінде зерттеп, тілдік мәселенің бірі – қарапайым сөздер табиғаты, сөйлеу тілі элементтерімен

арақатынасы, қарапайым сөздердің шығу негіздері, жасалу жолдары, қарапайым сөздердің эмоционалды-экспрессивті бағалама қызметі, семантикалық топтары мен көркем мәтіндегі кейбір қолданыстарын ғылыми тұрғыда терең зерттеп келеді. Ғалымның осындай тың еңбегін кезінде академик Ә. Қайдаров бастаған әйгілі зерттеушілердің өзі мойындап, жетістіктеріне оң бағасын береді. Ақзия Әділқызы бірнеше магистранттарға жетекшілік етіп, өзінің ғылыми ізденіс саласындағы тағылымын шәкірттеріне жалғастырып, қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелеріне де үнемі назар салып отыратын ғалым.

Міне, 1974 жылдан бастап табаны күректей 40 жыл бойы доцент Ақзия Әділқызы білім-ғылым саласында талмай еңбек етіп келеді. Осы мерзім ішінде ол қаншама шәкірт тәрбиелеп, қазақ тілі мен әдебиетінің шын жанашыры, білікті маманы болып шығуына өз үлесін қосып, әріптестері мен шәкірттері арасында талапшыл ұстаз, өнегелі әдіскер- ғалым деген құрметке ие болды.

Биыл М.Өтемісов атындағы БҚМУ 85 жылдығына орай «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және университет әкімшілігінің мерейтолық Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ұстаздық келбеті кең, ойы терең, әркез ашық та ақжарқын мінезімен көптің көңілінен шыққан зерделі ғалым Ақзия Әділқызын 60 жас мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, асар асуларыңыз әлі де көп болсын демекпіз. Білімнің биігіне, ғылымның асқарына талмай, өрлей беріңіз!

Ақжарма ізгі тілегімізді өзі білім беріп, тәрбиелеп жүрген студент қауымының атынан 2-курс студенті Азамат Бақиевтың Ұстаздың мерейтойына арнап жазған өлеңімен өрнектейміз:

## Көрдің бе?

*Жұрт мені қатал дейді  
Найзағайдай мінезі шатырлаған...  
Ф.Оңғарсынова*

Сізді де мына жұрт солай деп ед,  
Мыс жеңіп, борандай борайды деп.  
Мен бірақ ондайды байқамадым,  
Білмеймін, өзгелер қалай көрет?

Ұлытып кеудемнің ұлар үнін,  
Жанымның болды да тұмары мұң.  
Сап бердің дара жол талайларға,  
Ал, бұған келтірер шүбә кімің?



Қаталдық - шектелген сабағымен,  
Шыншылдық – апайдың жанары ма ең?  
Сыныпта күз болса, ал мен бірақ,  
Көремін көктемгі даланы кең.

Көңілден еш уақыт түлетпес мұң,  
Ұстаздан артықтау тілектес кім?  
Болмыспен бағалап сыртыңыздан,  
Үңілмеген екен-ау жүрекке ешкім.

Ізгілік - даңғылдар жолындағы,  
Мейірім - бұлқынған тамырлары.  
Махаббат – егізі көңілінің,  
Жанының әлемі соның бәрі.

Үңіліп жанарға шуақтанған,  
Сөздерін ұқтың ба сыр ақтарған?  
Адам боп сақталған дүрбелеңде,  
Сол үшін Ұстазым ұнап қалған.

Қорғаған ғылымның қағанатын,  
Санаға сан сарай сала алатын.  
Көкірек көзіммен көргенмін мен,  
Ұстаздың ғажайып ғаламатын.

Ал, сен көрдің бе?

**Қазақ филологиясы кафедрасы**



Жастар саясатының бағыт-бағдары айқын. Жаңғыру арқылы жаңа әлемге бет түзген тұста жастар мемлекеттегі басты қозғаушы күшке айналуы тиіс. Жас буын ортақ мүддеге ұйысып, тың бастамалар мен стратегиялық шешімдерді жүзеге асыруда. Елбасының сенімді тірегіне айналуы қажет. Елдігіміз - еңселі, бағымыздың баянды болуы үшін Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастардың сапалы білім алып, бәсекеге қабілетті болуын басым бағыттардың алдына шығарды.

# Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық орталығында атқарылған жұмыс нәтижелері

Кәсіби бағдар жұмысының өзектілігі. Кәсіби бағдар – ол мемлекеттік көлемі, экономикалық нәтижелері, әлеуметтік мазмұны, педагогикалық әдістері бойынша күрделі көп қырлы мәселе. Кәсіби бағдар қоғамның еңбек ресурстарын мүдделеріне, жеке мүмкіндіктері мен бейімділігіне сәйкес ұтымды пайдалануға жәрдемдеседі. Университетке маңызды тек қана жоғары білім сапасы емес, тұлғаның қабілеттеріне сәйкес жұмыс нарығын ескере отырып, таңдаған болашақ мамандығына қолдау көрсетіп, үздіксіз кәсіптік бағдар беру.

Кәсіби бағдар жұмысының негізгі пікірі мен дамуы. Оқушылардың мамандық таңдаудағы саналылық пікірі тек қана өз еңбек қызметінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамға өздерінің пайдасын келтіру үшін де маңызды. Кәсіби бағдар жұмысы өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен тығыз байланысты. Оқушылармен кәсіби бағдар жұмысы топтық және жеке түрде жүргізіледі.

Кәсіби бағдар жұмысының мақсаттары мен міндеттері. Кәсіби бағдар жұмысының мақсаты – жеке тұлғаны еңбекке, шығармашылыққа, салауаттылыққа, рухани адамгершілікке, психологиялық дамуға негізделе отырып, болашақ маманның қызмет саласын таңдауға көмектесу.

Бағдарламаның кәсіптік бейімделуінің басым мақсаттары. Жеке тұлғаның қажеттіліктерін: зияткерлік, мәдени, адамгершілік дамуын қанағаттандыру; кәсіби қызметке қабілетін қалыптастыру; қоғамның ғылыми, мәдени және адамгершілік құндылықтарын сақтау және арттыру; Ой-өрісі биік, жаңа белеске ұмтылатын, өмірлік мәселелердің шешімін таба алатын; еңбек нарығына сәйкес оқушылардың білім алу қажеттілігін ретке келтіру. Жетістіктерін бағалай білуге үйрету.

**Кәсіби бағдар жұмысының түрлері.** Оқушылардың кәсіби жарамдылығын аңықтау, таңдаған мамандығы

бойынша еңбек функцияларын орындау. Оқушылардың әлеуметтік еңбекке бейімделуі. Кәсіби тәрбиелеуде жаңарту әдістері технологияларын енгізу.

Кәсіби жұмыстардың міндеттері. Оқушылардың құқықтық және саяси мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Жалпы адамдық құндылықтарды дамыту, тарихи-мәдени дәстүрлерді сақтау және көбейту. Кәсіби ұйымдастырушылығы жоғары, жауапты, тәртіпті, білікті маман қалыптастыру. Түлектердің білім алу қажеттілігін бақылау, болашақ мамандарды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, қандай қиын жағдайларда да шешім таба білетін маман ретінде қалыптастыру.

Тәрбиелік және кәсіптік бағдар беру қызметінің негіздері. Түлектермен кездесулер ұйымдастыру және ашық есік, семинар-тренингтер өткізу.

Олардың басты бағыты қатынас дағдыларын, кәсіби өзін-өзі дамыту. Өткізу түрлері - жеке әңгіме, кәсіби міндеттерді, кәсіби дағдыларды, негізгі дәлелдеулер мен тұлғалық сипаттамаларды қамтитын ұсыным хаттар беріледі.

2017-2018 оқу жылында ҰБТ-ны сәтті тапсыру үшін барлық жалпы білім беру бағдарламасының пәндері бойынша (қазақ, орыс тілдерінде) Орал қаласындағы №1, №3, №5, №6, №7, №8, №9, №13, №24, №25, №35,



**Солдан оңға қарай:** Тасқала ауданы әкімінің орынбасары Л.Ә. Жұбанышкалиева, М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Рухани жаңғыру институтының директоры т.ғ.д. Ә.С. Тасмағамбетов, М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының әдіскері а.ш.ғ.к. Н.Р. Мулдаханов, Тасқала аудандық білім бөлімінің басшысы А.М. Нарымбаев, Тасқала аудандық мектептен тыс жұмыс орталығы мұражайының директоры Б.Б. Мауленов.

№38 ЖОББМ 11-сынып оқушыларымен кездесіп, кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысын ұйымдастырдық.

Ректордың бұйрығымен БҚО Теректі, Ақжайық, Бөрлі, Тасқала, Зеленов, Сырым ауданының мектептерінде жұмыс тобы іссапарда болды.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 6 ауданның ЖОББМ-ның 11-сынып оқушыларымен, мектеп ұстаздарымен, ата-аналарымен кездесіп, кәсіби бағдар жұмысының бағдарламаларымен таныстырып, жаңа нұсқалар бойынша түсініксіз сұрақтарына жауап берілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде М. Өтемісов атындағы БҚМУ-ға өз ынтасымен келем деп таңдаған 11- сынып оқушыларының саны – 665. Жоспарымыз бойынша кездесетін 5 ауданымыз бар. Олар: Қаратөбе, Жаңақала, Бөкей-Орда, Казталовка, Жәнібек.

Осы іс сапарларда жүргенде туып өскен елін, жерін терең білуге арналған ЖОББМ мұражайларымен, жылыжай, тірі жануарлар мен құстар, балықтар, түрлі жеміс өсімдіктерін көріп, олардың жұмысына өте риза болдық.

**Н.Р. МУЛДАХАНОВ,**

М. Өтемісов атындағы БҚМУ ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының әдіскері а.ш.ғ.к.

Өнер - жастан

## Арман алдамайды

Қазақ халқы – ежелден «өнер десе ішкен асын жерге қоятын», өнерді қастерлеп, өнерпазды бағалай білген халық. Есте жоқ ескі дәуірлерден бері қазақ халқы басынан небір қиыншылық күндерді өткізсе де, өзінің ғасырлар бойы жинаған асыл қазынасы - өнер шығармаларын, өнерпаздарын ұмытқан емес, олардың шығармаларын сары алтындай сақтап, тот бастырмай біздің заманымызға табыстады.



Қазақ халқы өнерді өмірдегі ең бірінші қажеттілік деп таныса, ал өнер адамдарын одан да жоғары бағалап, әспеттеген. Өнерді осынша бағалаған қазақ болып туылғаныма қуанамын және мақтанамын. Өзім де өнерден алыс емес, театр десе, жүрегі өзгеше соғатын қазақ

қыздарының бірімін. Оқуымды да өнермен байланыстырып, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Мәдениет және өнер» факультетін «мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы бойынша биылғы жылы аяқтамақпын. Дипломдық жұмысты қорғау да

жақындап келеді. Осы мақсатпен ағымдағы жылдың 14 наурыз күні өзім көптен армандаған арманымға қол жеткізіп, режиссерлік етіп, «Мұрагер» студенттік театрының студенттерімен қырғыз жазушысы Мар Байжиевтың «Ғашықтың тілі» (қазақ тіліне аударған Қуандық Қасымов) шығармасын сахналадым. Бұл қойылымды көрерменге сыйға тарту көптен бергі арманым болса, екінші жағынан дипломдық жұмысымды қорғаудағы алғашқы баспалдағым десе де болады. Шыны керек, берілген сценарийді жаттап алып ойнап шығу бір басқа, ал толықтай бір қойылымды дайындап, әр актердің образын өзің сомдап шығу бір бөлек дүние екен. Өзіңді әр актердің орнына қою, олардың қойылымды қызықты алып шығуы үшін өзің ойынағандай бірге уайымдауың - барлығы режиссер үшін ерекше сезім. Бір ай көлемінде дайындалған еңбектің арқасы болар, жарнамалауым кешірек болса да, зал көрерменге лық толды. Бұған қарап өнерге деген жастардың жанашырлығын көруге болады. Бұлай дейтінім, қойылым соңы көрермендердің орнынан тік тұрып, ыстық шапалақтарын жаудырғаны, өзіме білім берген ұстаздарымның ыстық ықыластары, факультет деканы Абат Сатыбайұлының «Бұл қызымызға ойланбастан, қазір-ақ «өте жақсы» деген бағасын қойып жіберуге болады» деген сөзі дәлел бола алады. Түйгенім, бұл еңбек менің өнердің өрісіне өрмелеп шыққан алғашқы қадамым екен. Бұл ыстық тілектерден кейін мен әрі қарай қанаттандым.

Қазір өнерімді әрі қарай дамытамын деген жастарға барлық мүмкіншілік бар. Тек еңбектену керек, еңбектің жемісін көруге бағыт алу керек. Өр намысын жібермеген қазақтың өскелең ұрпағы қазіргі заманда алға қойған мақсатына жетіп, елімізді дамытуға Ебасымыз айтқандай, үлкенді-кішілі үлесімізді қосуымыз керек. «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы бола алмайды» деген Ғабит Мүсіреповтың сөзін қоштай отырып, өнердің жанашыр болар жандары көп болсын дегім келеді.

**Зарина ТАУЛИНА,**

Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 4-курс студенті

**Суретте** (1-қатар) Асқар Ақмолдаев, Мұқамбет Шықымбаев, Сүйімқан (2-қатар) Болдықан, дипломдық жұмыс жетекшім Индира Идиятқызы, режиссер Таулина Зарина, Дездемона (Актерлердің есімдері қойылым бойынша берілді)



# Әсерлі өткен ғылыми ТАҒЫЛЫМДАМА

Махамбет Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан мемлекеттік  
университетінің 6М010800 –  
«Дене шынықтыру және спорт»  
бөлімінің магистранттары Алматы  
қаласында «Қазақтың туризм  
және спорт» академиясынан  
ғылыми тағылымдамадан өтті.



Негізгі оқу орнының мақсаты  
- педагогика мамандығы бойынша  
ғылыми және ғылыми-педагогикалық  
кадрларды ғылымға, білімге даярлау.

Біздің мақсатымыз - диссертациялық  
«Дене шынықтыру мен спорт және



салауатты өмір салттарын жаңғырту» тақырыптары  
бойынша ғылыми деректерді іздеу, олармен жұмыстану.

Алғашқы күндері Қазақтың туризм және спорт  
академиясының басшылығымен құжаттарымызды  
рәсімдей отыра, оқу тәртібінің кестесімен таныстық.  
Тағылымдаманың жетекшісі болып кафедраның аға  
оқытушысы, доктор PhD Құлбаев Айбол Тіналиевич  
бекітілді.

Айбол Тіналиевич өз қабылдауында әрбір  
магистранттың диссертациялық тақырыбына тоқталып,  
дерек қорлары өте бай ҚР Ұлттық кітапханасы,  
Қазақтың туризм және спорт академиясының ішкі

кітапханаларынан толық мағлұмат алуға бағыт бере  
отырып, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Тағылымдама барысында шет елден келген  
профессор Рональд Моган мен доктор Сьюзан Ширифс  
семинарға қатысушыларға «Спорттық тамақтану және  
акуыздар» тақырыбында дәрістер оқыды.

Кейін Қазақтың туризм және спорт академиясы  
жанындағы А.С.Иванов атындағы спорт-ғылыми зерт-  
теу институтына барып, институттың басшылығы мен  
орталықтың ішкі жұмысымен таныстық. Бұл жерде де  
өзімізге қажет мәліметтерді фотоға түсіріп, жазып алып,  
ойға түйдік.

Ресей елінен келген Платонов Владимир Николаевич  
пен украиналық ғалым Булатова Марина Михайловна  
«Көпжылдық оқу жүйесінде іріктеу және бағдарлау,  
заманауи үлгіні жылдық кезеңмен оқыту, ежелгі  
олимпиадалық ойындар бастауы» тақырыбында  
дәрістер оқыды. Семинар соңында қатысушы барлық  
магистранттарға сертификаттар табысталды.

Академия залында «Дене шынықтыру теориясы мен  
әдістемесі» пәні бойынша X Республикалық студенттік  
олимпиадаға қатысқан М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың  
студенттеріне қолдау білдірдік.

Өзімізге берілген уақыт аралығында Қазақтың туризм  
және спорт академиясының барлық спорт залдары мен  
кітапханаларын аралап, қажетті мәліметтер жинадық.

**Туышбай ТҰРТАЕВ,**  
дене шынықтыру және спорт бөлімінің магистранты

В этом учебном году нам, магистрантам специальности «Русский язык и литература», представилась возможность пройти стажировку в старейшем российском вузе, имеющем прекрасную научную библиотеку, опыт обучения студентов со всего мира. Это Казанский Федеральный университет в г.Казани Российской Федерации. Стажировка проходила с 16 по 27 апреля 2018 года с целью усовершенствования научных и научно-педагогических навыков, ведения исследовательской работы и общего образовательного развития магистрантов.

## Вспоминая Казань

Нами были прослушаны курсы по повышению  
квалификации, по дополнительной профессиональной  
программе «Сопоставительные аспекты изучения  
русского языка и литературы» (72 часа).

Лекции по дисциплине «Литература средних веков и  
Возрождения» нам читала д.ф.н., проф. кафедры русской  
и зарубежной литературы Л.Ф.Хабибуллина. Очень  
заинтересовали нас лекции старшего преподавателя  
кафедры германской филологии, к.ф.н. И.О.Гурьянова,  
умелое использование им новых интернет ресурсов  
и их возможностей по увлекательной программе  
преподавания иностранного языка студентам. Мы



участвовали в блиц-  
тестах по программе  
КаНООТ. По темам наших  
научных исследований  
с нами проводила  
консультации д.ф.н.,  
доцент кафедры русской  
и зарубежной литературы  
О.О.Несмелова.

Во время стажировки  
нам представилась  
возможность участвовать  
в семинарах и «круглых  
столах» («Английский  
язык и зарубежная  
литература: современные  
подходы в изучении»  
с преподавателями  
кафедры германской



2018 жылдың сәуір айының 15 мен 28 ара-  
лығында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Қазақ  
тілі мен әдебиеті» және «Филология: қазақ тілі»  
мамандықтарының 1-курс магистранттары Ресей  
Федерациясы Татарстан Республикасының  
орталығы Қазан қаласының Қазан феде-  
ралдық университетінде «Тюркские языки и  
литература: история и современность» атты  
тағылымдамадан өтті.

## Казан сапары

Ғылым мен білім – егіз ұғым. Көсегесі көгерген  
ғылым ғана елдің еңсесін тіктеп, өркениет әлеміне  
тікелей жол ашады. Ғылым іздеуде болдым деме,  
жаңа бастадым де, сонда шаршап-шалдығуды  
ұмытасың. Ғылым жолына бет бұрған «Қазақ тілі  
мен әдебиеті» және «Филология: қазақ тілі»  
мамандықтарының 1-курс магистранттары  
Қазан федералдық университетінде ғылыми  
тағылымдамадан өтті. Бұл магистранттарға берілген  
зор мүмкіндік деп есептеймін. Университетке алғаш  
барғанымызда Ғ.Тоқай атындағы татаристика  
және тюркология жоғары мектебінің директоры,  
ф.ғ.д., профессор Юсупова Альфия Шавкетовна  
бізді жылы жүзбен қарсы алды. Тағылымдамадан  
өту барысында магистранттарға филология  
ғылымдарының докторы, профессор Юсупова  
Альфия Шавкетовна және татар әдебиеті кафедрасы-  
ның доценті, филология ғылымдарының кандидаты  
Юсупова Нурфия Марсовна жетекшілік жасады.  
Филология ғылымдарының кандидаты Нурфия  
Марсовнаның «Қазіргі татар поэзиясының жанрлық  
парадигмасы» тақырыбындағы дәрісін тыңдап,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
Чолпан Мухаррамовнаның «Неиспригаемые  
форма татарского глагола в языке» тақырыбындағы  
семинар сабағына қатыстық. Тағылымдамадан  
өтудегі басты мақсаттың бірі – тәжірибе алмасу,  
диссертациялық жұмыстарымыз бойынша мәлімет  
жинау. Университеттің Н.И.Лобачевский атындағы  
ғылыми кітапханасында болып, өзімізге керек-  
ті мол деректер жинадық. Оған қоса, Татарстан  
Республикасының Ұлттық кітапханасында болып,  
магистрлік диссертацияларымызға қажетті авторлық  
рефераттармен, орыс және татар ғалымдарының  
еңбектерімен таныстық.

Қазан - сәулетінің заманауи көркемдігімен және  
мыңжылдық тарихымен таңғалдыратын көне қала.  
Таңғажайып қаланың мәдени орындарымен, көрнекті  
жерлерімен де етене таныстық. Камал Галиасгар  
атындағы Татар мемлекеттік академиялық театры,  
Татарстанның бас мешіті - Құл Шариф мешіті, Татар  
этно-ауылы, «Экият» татар мемлекеттік қуыршақтар  
театры, Иллюзия мұражайы, Ғажайыптар үйі, «Қазан»  
отбасы үйі секілді ең көрнекті ғимараттармен  
танысып, естелік суреттерге түстік. Тағылымдаманың  
соңғы күндері «Мировая тюркология и Казанский  
университет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясымен сәйкес келді. Филология  
ғылымдарының докторы, профессор Альфия  
Шавкетовнаның шақыруымен конференцияға  
қатысып, Ресей, Украина, Әзірбайжан, Түркия  
ғалымдарының ғылыми мақалаларын тыңдадық.

Магистранттарға ғылым жолында ары қарай жетілу  
үшін осындай үлкен мүмкіндік берген университет  
ректоратына алғысымызды білдіреміз.

**Г.Ж.НҮРҒАЛИЕВА,**  
«Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 1-курс магистранты

филологии), во встрече с профессорско-  
преподавательским составом КФУ. С нами проводили  
экскурсии по историческим местам г.Казани. Нас  
восхитила библиотека им.Н.И.Лобачевского своим  
богатым научным фондом и электронными ресурсами.  
После регистрации в библиотеке им. Н.И. Лобачевского  
мы получили доступ прямой отправки на электронную  
почту, а также доступ из интернета в любом удобном  
для нас месте в ходе нашей исследовательской работы  
по теме диссертации.

Стажировка в КФУ представила прекраснейшую  
возможность совершенствовать наши учебные и  
научные компетенции. Мы познакомились не только с  
историей и культурой Татарстана, но и с уникальными  
методиками преподавания учебных дисциплин.  
Подобные стажировки позволяют нам получить  
положительный опыт не только для нашего образования,  
но и богатый человеческий опыт общения со студентами,  
магистрантами и преподавателями известных вузов.

**Н.У. ЕРГАЛИЕВА, А. УТЕГЕНОВА,**  
магистранты РЯЛ 1 курса





Астана – тәуелсіз Қазақстанның жаңа келбеті. Ол – шығысы мен батысы Алтай мен Атырау, түстігі мен теріскейі Қаратау мен Батыс Сібір ойпаты арасындағы кең байтақ өлкеге созылып жатқан қазақ жерінің бел ортасында, тоғыз жолдың торабында орналасқан кіндік қала. Астана немесе «үшінші мыңжылдықтар астанасы» мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың бастамасымен аз ғана уақыт ішінде бой көтерген қала.

## АСТАНА - тәуелсіздік айғағы!



«Астана» сөзі қазақ қолданысына араб тілінен ауысқан. Оның араб тіліндегі мағынасы «жұмаққа барар жолдағы табалдырық» дегенді білдіреді. Расымен, Астананың төрткүл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан Елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес. Дәл қазір Астанада заманауи құрылыс саласының барлық құрылымын қамтитын еліміздің жаңа құрылыс кластері қалыптасты. Бас қаламыздың көркін арттырған сәулет өнерінің озық үлгілері салтанат құрды. «Ақорда», «Астана триумфы», «Пирамида», «Бәйтерек», «Хан Шатыр» ХХІ ғасырдағы сәулет өнерінің озық үлгілері болып табылады. Бұл архитектуралық ансамбльдерге «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік ел» аркасы қосылды. 91 метрлік зәулім тұғырдың ұшар басынан заңғар аспанға ұмтылған самұрық құс азаттық аңсаған әрбір қазақ баласының жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатты. Көрсен нағыз жұмаққа теңерсің!

Иә, қазақ ұлтының ұлы тұғыры, Алаш жұртының асқақ айбары – ару Астанаға 20 жыл! Тарих үшін қасқағым сәт. Бірақ мынау өзгерістер өлшемін көз ілеспес жылдамдықпен жарысқан бүгінгі кезең үшін аз уақыт та емес сияқты. Қалай болғанда да, осы уақыт өлшемінің ішінде Қазақстан халқының ерен еңбегінің нәтижесінде әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарастырып, көркімен де, көлемімен де бой таластыра алатын қазақ жұртының жас та бас қаласы қалыптасты.

Батыс пен Шығыс өркениетін жалғастыратын алтын көпір атанған ару Астананың бүгінде төрткүл дүниенің толғақты түйіндерін талқылайтын жаһандық орталыққа айналғаны да ақиқат. Халықаралық айтулы оқиғалардың дүбірлі ордасына айналған елорданың бұл дәстүрлі эстафетасын өткен жылы «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі жалғастырды. Адамзат ақыл-ойының тамаша табыстарының бірінен саналатын Бүкіләлемдік жетістік көрмесінің қос ғасырлық тарихында Орталық Азияда, тіпті ТМД елдерінің ешқайсысында да мұндай халықаралық көрме жалауы желбіреп көрмеген еді. Бұның өзі Астананың әлемдік аренадағы абыройын одан әрі асқақтата түсті.

Міне, осындай тамаша жетістіктер мен жеңістерге толы 20 жыл ішінде Ұлы даланың қақ кіндігі – Сарыарқа төсінде ХХІ ғасыр ғажайыбы, әлемдік мегаполис, арман қала бой көтерді. Астана – Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры. Еліміздің елордасы Ақмолаға қоныс аударғаннан бергі өткен 20 жыл мемлекетіміздің қауіпсіздігін, геосаяси еркіндігін, территориясының мызғымастай беріктігін, ел экономикасының қарқынды даму стратегиясын қамтамасыз еткен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бетбұрыс кезең болып табылады. Жиырма жыл ішінде Астана Қазақстанның шынайы тәуелсіздігі мен егемендігін паш еткен мемлекеттік орталық болып танылды. Болашақта да елдіктің ерен елордасы – Астанада ғасырлар бойы Қазақстан халқының азат ойы мен мүдделері, асқақ арманы мен мақсаттары іс жүзіне асырыла беретініне сеніміміз мол.

**О. ИДЕЯТОВА,**  
Тарих, экономика және құқық факультеті  
Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының  
2-курс студенті

23-24 апреля студенты третьего курса группы РЯЛ-32 кафедры русской филологии Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова Когабай Айгерим, Аймухамбетова Алина и Клименко Светлана приняли участие в Республиканской студенческой предметной олимпиаде по специальности 5В011800 – «Русский язык и литература», которая проводилась в г. Астане на базе Казахстанского филиала Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова.

## ВЫСТУПИЛИ С УСПЕХОМ

В олимпиаде принимали участие команды из 8 вузов Казахстана, среди которых ЕНУ им. Л.Н.Гумилева (Астана), СКГУ им. М.Козыбаева (Петропавловск), ЮКГУ им. М.Ауезова (Шымкент), КазНПУ им.Абая (Алматы), Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясауи (Туркестан), КазНУ им.Аль-Фараби (Алматы) и Казахстанский филиал МГУ им. М.В.Ломоносова.

В результате всех трех туров команда студентов третьего курса ЗКГУ имени М. Утемисова награждена:

Дипломом II степени за второе место в командном первенстве Республиканской студенческой предметной олимпиады по специальности «Русский язык и литература».

Дипломом II степени за второе место в творческом конкурсе.

Дипломом III степени за второе место в творческом конкурсе.

**Аймухамбетова Алина и Клименко Светлана** заняли третье место в личном первенстве.

**Когабай А.** награждена грамотой за активное участие в олимпиаде.

Команда студентов 3 курса Фил-32 в составе студентов **Дандыкуловой Алтыншаш, Кемешевой Айши, Ротновой Вероники** приняла участие в Республиканской студенческой предметной олимпиаде по специальности 5В020500 Филология: русский язык, которая проходила в Павлодаре с 18 по 19 апреля 2018 г.

По результатам 3-х туров команда ЗКГУ им.М.Утемисова награждена Дипломом III степени за третье место в командном зачете.

**Е.А.СЕДОВА,**  
преподаватель, магистр



## Болашақ жаршылары

**Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастырумен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасында Х Республикалық пәндік олимпиада болып өтті.**

Мәдениет және өнер факультетінен «Мәдени – тынығу жұмысы» мамандығының 2-3 курс студенттері Садиков Нұрсұлтан, Нұрболатов Нұрдәулет, Ғатау Сағди, Исламғалиев Абулхаир, Меренов Бек, Заур Құрманай, Жексенова Гаухаргүл, Есетова Ақмоншақ, Махамбетова Назерке, Шеркешбаева Асем, Рамазанова Айзада, Сағындықова Закира қатысып, 3-орынға ие болды. «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының студенттерінен құрылған «Жұмыр қылыш» командасын аға-оқытушы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызы бастап апарды. Олимпиаданың бірінші кезеңі бойынша тест тапсырмалары берілді. Тестінің қорытындысында Махамбетова Назерке облыс бойынша бірінші орында тұрды. Екінші кезеңінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Ауылдың рухани құндылықтары тақырыбында қойылған көріністі

халық назарына ұсынды. Әр замманның болашақ жаршылары - жастар. Осы ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Мен сіздердің ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және осында ер жетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңіріңіздер», - деген сөзі еске түседі. Болып өткен олимпиада жыл сайын жалғасын таба бермек.

**Асем ХАСАНҚЫЗЫ,**  
**Нұрсұлтан САДИКОВ,**  
«Мәдени тынығу жұмысы» мамандығының  
2-курс студенттері





# Жаңа оқу форматы мен жаңа тәжірибе

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін жүк ауыр»- деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, жан-жақты тарихи таным, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етуде. Ол заманына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары тұлға ретінде ұлағатты саналады. Біздің мақсатымыз – өзімізде бар бұрынғы педагогикалық құндылықтарымызды жаңамен толықтыра отырып, жаңа белестерге көтерілу.



жұмысқа негізделген.

Жаңа оқыту технологиясының дәстүрлі оқытудан айырмашылығы – мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын әр түрлі тәсілді қолдана отырып қызықтыра алуы. Сонымен қатар оқушылардың назардан тыс қалмауын, уақытты тиімді пайдаланып, мұғалімдердің көп жұмыстануы мен ізденісін талап етеді. Педагогикалық үрдісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивті оқытуды пайдалану оқытушыларды шеберлік жағынан шыңдайтынына дау тудырмайды.

Сабақ өткізу барысында білім алушылардың білім деңгейін барынша көтеру мақсатында оқытудың тиімді жаңа тәсілдері қолданылады. Бұл әдіс бойынша оқытушы бағыт беруші, ой қозғаушы ролін атқарып, ал білім алушы сол берілген бағыт бойынша өз білімін жетілдіреді. Өткен сабақ бойынша да, жаңа сабақ барысында да оқушы берілген бағыт бойынша белсенді жұмыстанып, сұраққа жауап іздейді. Ол үшін оқытушы үнемі ізденіс үстінде болу керек.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып,

### Оқушы қаламынан

қырсық шал дерсің. Жоқ... Жоқ ... Мен ұлымның қасына барып, келінімнің ыстық шайын ішіп, немерелерімді бағып-қағып отырғысы келмейді дейсің бе? Әрине, бауыр еті баламның қызығын көргім келеді. Бірақ... Бірақ... Туған жердің топырағын қиып кете алмадым – ау, анау тау етегіндегі бейіт басында жатқан қара кемпірімді қалай жалғыз тастап кетемін? Қандай қиындық болса да, басыма ауыр жағдай түссе де әрқашан сенің жаныңнан табыламын деген уәдемді қалай ұмытайын? Анау жат жерде алай-бұлай болып кетсем, сүйегіме туған жердің ыстық топырағы да бұйырмай қала ма деп уайымдаймын. Қара кемпірімнің жанындағы өзіме арнап қойған орнымды менің жоқтығымды пайдаланып, жылқышы Ахмет шал жатып ала ма деп те қорқамын, - деп Дүйсен ата қатты бір жөтеліп,

айналасына қарап еді, үн-түнсіз әңгімесін тыңдап тұрған мені байқап қалды. Мен де біреудің әңгімесін рұқсатсыз тыңдағаным үшін өзімді кінәлі санап, кібіртектеп қалдым. Бірақ көрші атам маған қарап күлімдеп:

- Кел, балам, келе ғой, - деп қасына шақырып, мейірімді алақанымен менің басымнан сипады. Мен бірден басымды көтердім де:

- Ата, сонда сіздің балаңыз қайда? – деп, ауыр болса да сұрақты төтесінен қойдым.

Дүйсен ата әжімге толы жүзімен маған қарады да:

- Кемпірім екеуіміз отасқаннан кейін көп жыл баламыз болмады. Қырықтан аса бергенде мейірімі шексіз Алла менің Әлімтайымды берді. Бірақ, құдай қосқан қосағым кішкентай жүгірмегіміздің қызығын көре алмай ауыр дерттен қайтыс болды. Содан кейін ұлымның бар жауапкершілігі маған артылды. Оқыттым, не ішемін, не киемін деген уайымы да болмады. Құдайға шүкір, ұлым азамат болды. Қазір жұмыс бабымен шет елде тұрады. Ұлыма өкпем жоқ, келген сайын өзімен алып кетуге көндіргісі келеді. Бірақ мен өзіме берген уәдемді бұза алмаймын, - деп терең бір күрсінді.

Дәл осы сәтте мені үйге шақырған анамның дауысы естілді. Мен көрші атаммен қоштасып, үйге қарай жүгірдім. Салынып тұрған жылы төсегіме лып беріп кіріп кеттім. Бірақ ұйқым келмеді. Көз алдыма Дүйсен атаның бейнесі келе берді. Мұңға толы бейнесі емес, қуанышқа толы жанары мен бал-бұл жанған жүзі елестеді. Ұлы жанында, балдай тәтті немерелері қасында...Дәл осындай бақытты сәтті қиялдап жатып, тәтті ұйқыға батып кеткенімді байқамай да қалыппын.

**Айнұр САЛИМОВА,**  
Подстепный қазақ ЖОББМ-ның 11-сынып оқушысы

оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. «XXI ғасыр – ақпарат қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуірі» деп айтып кеткеніміздей, қазіргі заман талабына сай білім беру болашақ біздің, яғни ұстаздың міндеті. Осылайша осы нақты модульді оқып үйрену және оны іс жүзінде қолдану педагогикалық сараман барысында тиімді екендігіне көзім жетті.

Жаңа технология бағдарламасы бойынша білім беру ол:

Оқу үрдісіне қызығушылықты арттырады;

Оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік береді;

Оқушының ақпараттық тіл байлығын жетілдіреді;

Бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға үйренеді;

Шығармашылық қабілеттері дамиды;

Танымдық шығармашылық икемділігі дамиды;

Сонымен бірге, курста алған «Оқытуда кездесетін кедергілер, оны жою жолдары», «Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы», «Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыныптағы оқушылар үшін оқу үдерісін жақсарту жолдары», «Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары», «Көшбасшылық» және тағы басқа тақырыптағы алған білімдеріміз келешек жұмысымыздың басты көмекшісі болады десек артық айтпаған болар едік. Ұлыларымыздың бірі Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

Өзімізді қорыта келе, болашақта оқушыларға заман талабына сай модульдік білім беру аясында өзіміздің кәсіби білім-білігіміздің жетілуіне көп ықпал тигіземіз деген ойдамыз. Сонымен қатар аудандық, ауылдық мектептердегі ұстаздарымыз осы бағдарламаны кеңінен қолға алса, оқушылар үшін де тиімді болар еді. Біз болашақта осы педагогикалық сараман барысында үйренген іс-тәжірбиемізді дамыта отырып, өз жұмысымызды оқушылардың қызығушылығын артыруға жұмсауға міндет етіп қойдық.

**Ж.Ж. УТЕШЕВА, А.Б.ЕСЕНҒАЗЫ**

## Мен таңдаған мамандық

**«Өскенде кім боласың?» деген сұрақты кішкентай кезімізде жиі еститін едік. Бала болғандықтан шығар, бұл сұраққа көп ойланбайтынбыз, аса мән де бермейтінбіз. Өсе келе бұл сауалға да жауап іздей бастадық. «Мен кім боламын?»**



**деген сұрақ ойыңа еріксіз оралады және сені ғана мазалап қоймай, сен үшін шыбын жанын шүберекке түйіп отырған ата-ананды да ойландырмай қоймайды.**

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды шешім, болашағымызды айқындап, алдағы өмірімізге жол көрсететін, мақсатқа жетелейтін бірегей таңдау. Ал сол мамандықты таңдау оңайға соқпайтыны анық. Әрине, өз кесібіңді таңдағанда өз қабілетіңе, өз біліміңе сүйене отырып таңдайсың. Дегенмен де ата-ананың да пікірі маңызды. Сонымен қатар XXI ғасырдың талап ететін мамандықтарын да назардан тыс қалдырмау керек. Өйткені, мамандықты дұрыс таңдау – сенің тағдырың, сенің болашағың, сені өмір бойы асырайтын кесібің. Он бір жылдық оқуды аяқтап, келешекке үлкен үмітпен ұмтылған әр түлектің алдағы өмірге қадам басуында осы қағидалар маңызды.

Ал менің ес білгелі «осы мамандық иесі боламын» деп армандаған мамандығым бар. «Арман деген көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар» деп Ғабиден Мұстафин айтпақшы, бала күнімнен журналист болуды армандадым. Менің бұл таңдауымды ата-анам да құптады. Құптап қана қойған жоқ, өз қолдауларын да көрсетеді. Төменгі сыныптардан бастап көптеген газет-журналдарға өз шығармаларымды жариялап жүрдім. Бұл менің журналистика саласына аяқ басқан алғашқы қадамдарым деп білемін. Бірақ мен білмейтін қанша қыры, қанша қиындығы бар десеңші?! Мен - қоғамның жамандығын да, жақсылығын да жазатын, ақпараттар теңізінде жүзіп жүретін, оқиғаның ақ пен қарасын анықтайтын, ақпаратты халыққа тарататын, бармайтын жері, баспайтын тауы, қақпайтын есігі жоқ, сұхбат үшін кез келген адаммен кездесуге, қандай жер болса да баруға дайын мамандық иесі- журналист болу үшін төзім мен сабырдың қажет екенін білемін. Иә, менің таңдаған салам - қиындығы мен қызығы қатар жүретін, көп ізденісті талап ететін сала. Бір ауыз сөзбен түйіндесем:

Ең бастысы адам болу - ұлы арман,

Армандарым шыңға біткен шынардан.

Өз жолымды адаспай тауып өмірден,

Арманымның алдамауы - бір арман.

**Айнұр САЛИМОВА,**  
Подстепный қазақ ЖОББМ-ның 11-сынып оқушысы



Дүйсен ата әдеттегідей таңертеңгі күйбең тіршілігіне кірісті. Мал қорасына кіріп, сиырын сауып, қойларын өріске айдады. Бұл – Дүйсен атаның күнделікті шаруасы. Бір таңғалатыным, көрші атам жалғыз тұрса да үйі де, айналасы да мұнтаздай тап-таза. Сонымен қатар ол - өте балажан, мейірімді, ауызын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл жан. Есік алдында ойнап жүрген біздерге:

Әй, жүгірмектер, бері келіңдер! – деп үйіндегі бар тәттісін алып шығып, үлестіріп береді. Дүйсен атаның зейнетақы алған күні - біздерге, ауыл балаларына, үлкен мереке. Өйткені ол біздерді ауылымыздың шетіндегі жалғыз дүкен «Шағалаға» апарып, қалаған балмұздағымызды алып беретін.

Өрдайым Дүйсен атамен сөйлескен кезде оның жүрегінде үлкен сыр, көзінде терең мұң бар екені айқын көрініп тұрады. «Неге осыншалықты жақсы адам бола тұра үлкен үйде жалғыз тұрады екен? Отбасы, бала-шағасы қайда екен?» деген ой мені соңғы кездері жиі мазалайды. Бұл туралы Дүйсен атаның өзінен сұрай алмайтыным анық. Ал, ата-анамнан сұрасам:

Бұл үлкендердің әңгімесі, сен бұны түсіне бермейсің, - деп менің сұрағымды жауапсыз қалдырып, жылы жауып қоя салады.

Бір күні ымырт жамыла үйден шықсам, есік алдындағы кесілген томар үстінде Дүйсен атаның жаңа туған айға қарап, күбірлеп отырғанын байқадым. Балалық қызығушылым артты ма, әйтеуір қасына сездірмей барып, сөздеріне құлағымды түре бастадым.

- Жалғызыма жар бола көр, жарық ай! Менің қолымнан не келеді дейсің, қолымнан бар келетіні жалғыз ұлымның амандығын өзіңе тапсыру ғой. Тәп-тәтті болып өсіп келе жатқан немерелерімді де арқама салып еркелете алмадым. Ол үшін жазғыра көрме, жарық ай. Не деген





# Мәдениет және өнер

Культура и искусство  
Culture and art

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Мухәммәд әл-Фараби

Весь мир театр, а люди в нем актеры.

Уильям Шекспир

№2, мамыр, 2018 жыл

Бірлік – қасиетті туымыз

## Төртеу түгел болса, төбедегі келер

Парыз. Қарыз. Міндет. Борыш. Мағынасы телегей теңіз терең ұғымдар. Перзенттік парыз. Азаматтық парыз... Қазақ халқында «сеңдей соғылысу» деген де ұғым бар. Әрине, бетін әрі қылғай, ел басына төнген белгілі бір қасіреттің шешімі табылмай, не істерді білмей, басы дал болу, мең-зең күй кешу мағынасында. Өз тұсында қазақ әдебиетінің абызы, жазушы Әбдіжамал Нұрпейісов ақсақал экологиялық проблеманы көтерген «Сең» туындысын орыс тіліне аударып, шығармаға лайықты атау беруде ойланып-толғанып, ұзағырақ жүріп қалады. Кейін «Парыз» («Долг») деп ат беріп, айдар таққанда, ел азаматтары «О, бұл іспетті проблеманы көркем әдебиетте көтере білу - нағыз азаматтық парыз емес пе!» деп қол соққаны белгілі. Ендеше, өмірлік тәжірибесі ұланғайыр елтұтқаларының, ақсақал ардагер ағаларымыздың бүгінгі жастарға ел бірлігі турасында ой өруі – *парыз іс*. Біздіңше, бірлік – тіршілік көзі, бірлік – ырыстың мерейі, бірлік – ұлтты сақтаудың бір кепілі. Демек, ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік біздің қасиетті туымыз дерлік. Ал туды биікте желбірете ұстаса ғана сәнді.

Халық қалт айтпайды. Бірлеспеген білектің әлсіз боларын білеміз. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанға не жетсін. «Біріккен екі бірлігі жоқ жетіні жеңеді». «Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады». Саусақ бірікпей, ине ілікпесі, қол жұмылмай жылынбасы аян. Кеңесшіл ел азбасы, кеңесіп пішкен тон келте болмасы белгілі. «Төртеу түгел болса – алар, Алтау ала болса – алдырар». «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді». «Екі ауыз біріксе, кер ауызды басады». Демек, айналып келгенде, береке басы бірлікте.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, оның бірлігін қамтамасыз етуші, ел Атазаңын, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын қорғаушы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ақыл-парасат кітабына» (Алматы, 2015 ж.) ел бірлігі хақындағы 60 ой-толғам енгізілген. Бір ғажабы, олардың әрқайсысы – асыл афоризм, кесек алтын ойдың үзігі дерлік дүниелер. Елбасы ой-толғамдарына бойлай айтсақ, бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырмақ. Бақсақ, біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, ендеше, біз ірі болу үшін бір болуымыз керек. Тек бірлесіп ғана, бүкіл халықтың күш - жігерін біріктіріп ғана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Қазақ елінің Президенті Н.Назарбаев: «Егер де халықтың бірлігі болмаса, отансүйгіштік жанқиярлығы болмаса, бұл жер де, қазақ халқы да, Қазақстан тәуелсіз елі де болмас еді», - деп шегелейді. Турасын айтсақ, ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан да ұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Бұл орайда да Елбасы: «Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, ала алған да емес, қазақ әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе, бірліктен күшейген». «Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу үшін өзі де меймандарына қақ төрінен орын беріп, құрмет көрсеткен», - деп ой қорытады. Олай болса, еңсесі биік елдікке есі кеткен ғана топырақ шашады. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Елбасына сүйенсек, Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен осы Атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы тиіс. Осы тұста баса ескереріміз, жаулықтың ең үлкені, ең қиыны – ынтымақ үшін ымыраға бара алмау.

Ойлы да саналы ұрпаққа мәлімі – Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, сірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би – алдымен қазақтың бар баласының азаттықты мұрат тұтуын қамдағаны. Осы тарихи тұсты терең білетін Елбасымыз: «Дүниеде өзара сенім мен ынтымақтастық енегізінде шешуге болмайтын проблемалар жоқ екеніне

сенімдімін. Мұны ұғыну үміт ұялатып, болашаққа сенім нығайтады». «кіммен дос болу, кіммен жақындасу, кімнен өзінді алысырақ ұстау – ұлтты сақтаудың бір кепілі», - деген тұжырымдарға салмақ дарытады.

Елбасы өз кезегіндегі ел тағдырына қатысты тұжырымдарын кезекті Жолдау, бағдарламалық мақала, үндеулерінде дамыта, тарата айтқаны мәлім. Бүгінгі әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басуда екенін ескерсек, жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертерін ойланбасқа болмайды. Олай болса, ұлт әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуға тиіспіз. Рухани жаңғырудың мән-маңызы да нақ осында. Бүгінгі таңда өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, заманына лайық шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық – қазіргі қоғамымыздың идеалы. Демек, заманауи әлемдегі бәсекелестік қабілет-мәдениеттің де бәсекелестік қабілеті. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт ретінде, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Күллі әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы тиіс.

Асылы, жақсылықты жадында сақтай білген елдің рухы қашан да биік. «Өткенге қарап, ертеңінді түзеу» өсиетін ұстансақ, өткеннің өнегесі бүгінгі күннің баға жетпес байлығы екенін танимыз. Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай келелі толағай табыстарға кенелуде. Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ. Ел мен жердің иесі ретінде Қазақстандағы жақсы мен жаманның бөріне қазақ жауапты. Осы ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете білуді Елбасымыз әркез баса айтады. Қазақ елі Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Жаңғырту саясатын құруда барлық сын-пікірлерді жай ғана есепке алып қоймай жағдайды оңға қарай өзгерту бойынша шаралар қабылдау маңызды. Осыны ескерген ғана сақтанады. Сақтанған – сақталады», - дейді. Олай болса, нағыз саясатшыға ең кемі үш қасиеттің (теориялық дайындық, экономикалық қызмет тәжірибесі, қабылданған шешімнің орындалуына жауапкершілік) керектігін ескеру жөн. Демек, бұл реттегі кең құлашты ұланғайыр елдік оркестр іспетті істің бір ғана дирижері болуы тиіс, бірақ сонымен бірге ол жеке музыканттың абыройы мен рөлін төмендетпейтін дирижер болуы тиіс. Ең дұрысы, елдік тұтастыққа жік түсіретін, ағайын арасын суытатын қадамдардан аулақ болу жөн.

Сөз соңында Қазақстан халқы бірлігінің еселене түсуін қуаттай келе, бүгінгі жастарымызға: Әрқайсыңыз озық өрен болғайсыз; Халық тағылымындай терең болғайсыз; Әділдікке жуық болғайсыз; Күн шуақтай жылы болғайсыз; Көк сүңгідей суық болғайсыз; Кенен ойға ұзын болғайсыз; Қызыл тілге қысқа болғайсыз; Қаралы елдің таңы болғайсыз; Жаралы елдің жаны болғайсыз; Ең бастысы, «бірлік – тірлік көзі» тұрғысындағы қағидатты биік ұстанар қазақ елінің біртуар бірегей арлы тұлғасы болғайсыз демекпіз. Ал өскелең елдің ұрпағы пір тұтар, өнеге тұтар Азаматтарына айтарымыз: Аллаға жағам десең, азаншыл бол; Ағайынға жағам десең қазаншыл бол; Халқыңа жағам десең, әділ бол, судай таза бол, жердей берік бол; Өміріңіз ұзақ болсын; Аймағыңыз суат болсын; Айтқан сөзіңіз халқымызға қуат болсын деу.

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы

Қонаққоде

Серт

О, алып күштер, аямай сілкіндер мені,  
Сілкіндер бұзып жүректің шырқын мендегі.  
Шағымды шырғалаңдарға шытынауға әзір  
Найзағай оты шарпышы күркілдер демі.  
Көрігі кетсе көңіліме қонып алатын  
Үдере көшсін беймаза мұңның керуені.  
О, алып күштер, аямай сілкіндер мені!

Өмір айдыны, бөлемей жылы ағыстарға,  
Бойымды таста тұңғыық тым алыстарға.  
Құйрығы қысқа қу жаным құйқылжып біткен  
Сырларын сеніп құпия құрақ ұшқанға.  
Шел басқан көзім ашылар шекпенін шешкен  
Шегі жоқ шөңгелерменен шын алысқанда,  
Қауышам солай құлшына қуаныштарға.

Санамнан сеніп сенгісіз сандырақтарым,  
Қанып ішейін бекзат ой бал бұлақтарын.  
Домбырам төккен дария әуеніме елтіп,  
Даламның дархан кезейін әр қыраттарын.  
Алжасып өлем, ақиқат, кеудемдегі алып  
Атойын салып жүрмесе арғымақтарым.

Сынбастан сағым тағдырдың сынағы ұрмаған,  
Табылмас теңі тектілік тұмарын тағам.  
Ұлы Құдайым тек сенің құзырыңдамын,  
Үміттен жаққан үрлеме шырағымды аман.  
Жеріңнен сақта тірнектеп дұға қылмаған,  
Көріңнен сақта құрметпен құмы алынбаған!

**Еркеназ ҚАЛИЖАН,**

«Филология: қазақ тілі» мамандығы, Фил-21 топ студенті

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында атап айтқандай, Ұлттық бірегейлікті сақтау үшін Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, қолөнеріміз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.**

## Қыз тәрбиесіндегі қолөнердің маңызы

Қолөнер ұрпақтан ұрпаққа-ұласып, ғасырдан-ғасырға жалғасатын тәрбиенің таусылмас қайнар көзі болып саналады. Бұл – ұлттық болмысымызға тән қасиет әрі құндылық. Елбасының бұл бағдарын қолдау аясында «Қыз тәрбиесіндегі қолөнердің маңызы» атты дипломдық жұмысымының практикалық бөліміне сәйкес дөңгелек үстел өткіздім.



Дөңгелек үстел ҚР Елбасының Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында заманауи оқыту технологияларын қолдану және дәстүрлі өнерді жан-жақты дамытуға бағыттау, салт-дәстүріміздегі үлгі-өнеге арқылы жастарымыздың бойындағы танымдық және шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын арттыру мен өнерді сүюге, қызығушылықтарын оятып, әдептілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу мақсатында өтті.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам, Жанары жаны жаздай жайраңдаған. Қыз өссе, елдің көркі деген сөзді, Қапысыз қалай айтқан қайран бабам - деп ән жолдарында айтылғандай, қазақ қыздары «Ақжайық арулары» ұйымының қатысумен өтілген шарамызда қоғамдағы қыз тәрбиесі, қолөнердің қыр-сыры туралы әңгімелер тарқатылып, көрермендер арасында сөзжарыс болды. Шара «Оқушылар сарайы» МКҚК мекемесінің «Киім модельдеу» үйірмесінің жетекшісі Есжанова Сандуғаш Шорақызының шеберлік сағатымен жалғастырылды.

«Қыз - болашақ ана» демекші, қыздың қолынан барлық іс келуі керек. Осы шара барсында қолөнердің қыз тәрбиесіндегі маңызы туралы «Ақжайық арулары» ұйымының мүшелері өз ойларымен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді. Тәлімі мен тағылымы мол кеш әсерлі өтті.

**Гүлбану МУЛДАБЕКОВА,**  
Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 4-курс студенті



2013 жылы қазанның 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 октября 2013 года



Өнегелі ғұмыр

# АҢҒЫЗ ҰСТАЗ



Қазақ тіл білімі ғылымында филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының сіңірген еңбегі, өз алдына қалыптастырған тағылымды мектебінен қазіргі буын ғана емес, келешек ұрпақ та ғибрат алары даусыз. Әрине, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, академик Нұржамал Оралбайқызы Оралбаеваның ғылыми шығармашылығының ауқымы аса кең. Белгілі лингвист ғалым Нұржамал Оралбайқызы 1971 жылы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, қазақ тіл біліміне мол жаңалық енгізген-ді. Бұл орайда айтарымыз, академик Н.Оралбайқызы – сөздердің аналитикалық формасы туралы теорияны қазақ тіл біліміне тұңғыш рет енгізіп, осы саланың іргетасын қалаушы. Ал оның қазақ тілі грамматикасындағы аналитикалық құрылым мәселесіне арналған монографиялық еңбектері («Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары», 1975; «Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың құрылысы мен мағынасы», 1979) түркология ғылымында кең танымал болып, тіл білімінің теориясына қосылған қомақты үлес ретінде жоғары бағалануы оған дәлел. Осы еңбектер негізінде Нұржамал Оралбайқызы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде осы уақытқа дейін дұрыс шешімін таппай келген тілдік құбылысты қимылдың өту сипаты категориясы тұрғысында танып, оны қимылдың жасалуы мен қимылдың даму сатысынан тұратындығы қалпында айқын дәлелдеп, олардың берілу жолдары мен көрсеткіштерін толық сипаттаған. Ал аталмыш еңбектер қазақ тілінің грамматикалық құрылысының синтетика-аналитикалық сипатын дәлелдеген ғылымда мүлдем жаңа бағыт болды. Демек, ғалым – қазақ тіл білімінде тұңғыш рет қимылдың өту сипаты категориясының ғылыми негізін қалап, оны ғылыми айналымға түсіруші.

Н.Оралбайқызының ғылымдағы ірі жаңалықтарының бірі – нөлдік морфема мен нөлдік форма мәселесі. Бұл ғылымдағы жаңа идеяны Н.Оралбайқызы алғаш 1975 жылы Халықаралық түркологиялық конференцияда баяндап, күллі түркологтардың назарына ұсынып, олардың бұл теорияны қолдауына, қостауына ие болды.

**Шәкірт кезімізде лингвист ғалымдар сапынан күніне бір парақ қағаз жазбаса «күнім мағынасыз өтті» деп қынжылатын сирек адамдардың қатарынан профессор Нұржамал Оралбайқызын ұзын құлақтан естуші едік. Таңғалушы едік. Кейін тағдыр айдап сол ұстазымыздың шәкірті атандық, растығына көзіміз жетті. Мақтаныш еттік. Әрине, негізсіз ештеңе жоқ қой. Бұл секілді тынымсыз да құлашты еңбекқорлық ғалым апамызға ұстазынан, ғылыми жетекшісі Сәрсен Аманжолұлынан дарыған болар деп түйдік.**

Ғалымның ғылымдағы тағы бір жаңалығы – көмекші сөздер мәселесі. Қазақ тіл білімінде қай заманнан көмекші сөздердің үш түрі (*көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар*) көрсетіліп келгені аян. Профессор Н.Оралбай бұларға күшейткіш көмекшілерді (*өте, тым, ең, аса, т.б.*) және күшейткіш буынды (*қып-қызыл, жап-жасыл, т.б.*) қосты күшейткіш көмекшілер сыңар жасағанның өзінде, күшейткіш үстеу ғана лексикалық мағыналы сөз аталып келген-ді. Ал күшейткіш буынды сөз грамматикалық категорияның формасындағы сөз екендігі ескерілмей, лексикалық мағыналы қос сөздер тобында қаралып жүрген-ді. Сондай-ақ, Н.Оралбайқызы ұзақ уақыт шырай жұрнағы тұрғысында танылып келген – *ғылт, -шіл, -шіл-тім, т.б.* сол сияқты жұрнақтардың сөзжасамдық жұрнақ екенін дәлелдеп, шырай көрсеткішінен шығарды. Әрине, олар шырай көрсеткіші болса, сапа, сын, түр-түс сын есімдеріне жалғанар еді. Өйткені ол – грамматикалық көрсеткіштердің негізгі белгісі. Дау жоқ, грамматика теориясына жоғарыда біз санамалаған мұншама жаңалық қосу – ғалымның ізденісі мен еңбегінің нәтижесі.

Ғалым Н.Оралбайқызының қазақ тіл білімінің зерттелуіне, дамуына қосқан қомақты үлесінің бірі – қазақ тілі сөзжасамының дербес сала ретінде танылып дәлелденуімен байланысты. 1989 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары М.Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенов, Е.Жанпейісов, С.Нұрхатов, Н.Оралбаевалардың қатысуымен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография жарыққа шықты. Аталған еңбекте алғаш рет қазақ тілі сөзжасамының теориялық негізі қаланды. 1988 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы» атты Нұржамал Оралбайқызының монографиясы басылым көрді. Осындай еңбектер негізінде қазақ тілінің сөзжасамы бүгінде қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде ғылыми – теориялық негізі қаланып, қағидат – қағидалары айқындалды. Қазақ тілінің сөзжасамы бойынша Нұржамал Оралбайқызының жетекшілігімен бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылды. Демек, Н.Оралбайқызы – қазақ тіл білімінің сөзжасам саласының жеке сала ретінде танылуы мен қалыптасуының алғаш негізін қалаушы да. Ал «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда ғалым сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерін тұңғыш рет жазып, осы саланың теориялық негізін белгілеген-ді. Академик Н.Оралбайқызы аталған еңбекте туынды сөз жасаудың аналитикалық тәсілі, күрделі етістіктер мәселесін қозғап, осы тілдік категорияның жасалуы жөніндегі ғылымда қалыптасқан түрлі қате түйіндерден оны арылтып, күрделі етістік мәселесін жаңа бағытта саралаған. Ал

1980 жылы баспа бетін көрген «Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары» атты еңбегі де – грамматика теориясына қатысты зерттеу. Сондай-ақ ғалым Н. Оралбайқызы – тіл тарихы, графика, орфография мәселелері жөніндегі алғашқы еңбектердің бірегейі «Қазақ графикасы мен орфографиясы» (1968) зерттеуінің авторы. Ғалымның ғылыми тың табыстары, соны тұжырымдары дүниежүзілік түркологиялық конференцияларда баяндалып, ғылыми лингвистикалық мақалалары Анкарада, Новосибирскіде, Ташкентте, Бакуде, Қазанда басылым көрді. Өлем түркологтарына танымал лингвист ғалым Түркияның Анкара университетінің шақыруымен онда екі жыл қызмет етіп қайтты.

Профессор Н.Оралбайқызының ғылыми шығармашылығындағы ерекше орын алатын мәселе – қазақ тілін оқыту әдістемесі болса, ғалым-әдіскер – қазақ тілін оқыту әдістемесінің де шебер маманы. Ғалым қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің мәселелерін жан-жақты қарастыра келіп, осы бағытта мамандар даярлайтын университет студенттеріне арналған «Орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» (1996 ) атты тұңғыш оқулықты баспадан шығарып, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің негізін қалады.

Ғалым Н.Оралбайқызы теориядық ізденістерін, зерттеу ісінің қорытындыларын үнемі қазақ тілі мамандарының білімін кеңейту ісіне, тәжірибеге бағыттап отыруды өзіндік кредо тұрғысында таныды. Қазірде де талантты әдіскер ғалымның жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары студенттердің аса қажетті, қолдан қолға түсірмейтін дүниелері тұрғысында танылуда. Мәселен, «Қазақ тілінің практикалық курсына» арналған «Қазақ тілі» оқулығы филология факультетінің студенттерін дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыруға, тілші мамандығына икемдеп бейімдеуге арналған оқу құралы бола алуда. Көп жылдар бойы бірнеше басылым көрсе де, қасқалдақтың қанындай студенттердің таптырмас оқулығы болуы еңбектің құндылығына дәлел.

Ана тілін құрметтеуді ұлтқа сын тұрғысында түсінетін ғалым тіліміздің қазіргі жай-күйі, келешегі туралы көкірегі қарс айырыла толғанады. «Тілді жақсы білу – халықтың бүкіл тарихы бойынша жиған бай рухани қазынасын меңгеру де. Тілді жақсы білмеген адам халықтың рухани байлығынан мақұрым қалады. Ондай адамда халқын құрметтеу, сүю, мақтаныш ету сезімінің болуы – күмәнді нәрсе», - дейді ғалым. «Ана тілін – оқу орындарының барлық сатысына кіргізу керек. Мектепте, лицейлерде, колледждерде, институт пен университеттерде ана тілі барлық курстарда оқытылуға тиіс. Оқытуды мамандықтарға байланыстыру қажет», - деген ұсыныс та білдіреді.

Академик Н. Оралбайқызы жас ғалымдарды даярлау ісінде ұланғайыр табыстарға қол жеткізді. Ғалым тікелей ғылыми жетекшілігімен тіл білімі теориясы, шешендіктану мен қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі бойынша сандаған ғылым кандидаты, ғылым докторларын даярлады. Бұл орайда ғылымда академик Нұржамал Оралбайқызы мектебі қалыптасты. Сөзіміздің соңында қазақ тіл білімі, әдістеме ілімі саласында маңдай терін төге еңбек еткен, бүгінде адамның шер шағы тоқсанның төріне озып отырған ардақты да абзал анамыз, таңғажайып ғалым, аңызға айналған ұстазымызға төмендегідей өлең жолдарын ұсынбақпыз:

Қастер тұтып туған жерін, мекенін,  
Бәйгелерде оздырып тек бекем үн.  
Темірқазық қылып әркез ұстаған  
«Тіл тағдыры – ел тағдыры» екенін.

Сіз – дарасыз, биік тұлға байсалды,  
Қилы кездер көрмеген еш тайсалтып.  
Хиуаз, Мәншүк батырлардың ізіндей  
Өн бойына дарыған шын қайсарлық.

Шәкірттерің сүңгіп білім бұлаққа,  
Қанат қақты талай алып мұратқа.  
Тектіліктің үлгісіне айналдық  
Дақ келтірмей ұстаз деген ұлы атқа.

Парызың бар шаңырақта өтелген,  
Бағалауға сөз қуатым жетер ме?!  
Жүрегіңіз жаңылмасын соғудан  
Сан ғылымның жүгін ауыр көтерген.

Ғұмыр жолын нұрландырған жарықпен,  
Талантыңның асқақтығын таныпты ел.  
Мерей жасың құтты болсын абзал жан  
Тарихта аты қалар алтын әріппен!

**А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,**  
М.Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті  
мәдениет және өнер факультетінің деканы

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства») - «School of oratory» жаршысының жауапты редакторы – **А.С.Қыдыршаев,** Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Наши юбиляры

# Слаемые успешной работы

**Сарсенбаева Ботагоз Иватовна, доктор педагогических наук, профессор – один из лучших ученых-преподавателей нашего университета. Ботагоз Иватовна имеет высокую теоретическую подготовку, обладает навыками исследования, педагогическими и организаторскими способностями. В течение многих лет активно работает с учителями и психологами города и области, внедряя полученные знания на стажировках и семинарах.**

В университете Ботагоз Иватовна начала работать с 1976 года, получив высшее образование в Уральском педагогическом институте им.А.С.Пушкина. До этого периода она работала учителем английского языка в СОШ №4 г.Уральска, освобожденным секретарем комитета комсомола Уральского медицинского училища, референтом БМТ «Спутник» обкома ЛКСМ Казахстана. Но тяга к дальнейшему совершенствованию оказалась сильнее.

Ботагоз Иватовну больше привлекала научная работа, поэтому в 1976 году она вернулась в родной альма-матер на кафедру педагогики и психологии и в этом же году стала стажером-исследователем НИИ общей педагогики и психологии АПН СССР. С 1978 по 1981 годы она - аспирант вышеуказанной академии, после окончания которой защитила кандидатскую диссертацию по психологии на тему «Психологические особенности отношения подростков к спортивной деятельности как одной из форм общественно-полезной деятельности». Она вновь возвращается в родной институт, где работает сначала старшим преподавателем,

затем доцентом кафедры педагогики и психологии, заведующей кафедрой теории и методики пионерской и комсомольской работы. Здесь ей пригодились знания и опыт работы по комсомольской линии, полученные ранее в медучилище и обкоме комсомола. С 1996 по 1999 годы Ботагоз Иватовна возглавляет кафедру педагогики и психологии гуманитарного факультета. Но научная работа опять берет верх, и она поступает в докторантуру в г.Москве и успешно защищает докторскую диссертацию на тему «Педагогическое сопровождение профессионального самосовершенствования будущего учителя».

Ботагоз Иватовна по сегодняшний день является активным ученым, членом-корреспондентом Академии педагогических и социальных наук в г.Москве. Ее наставниками были известные психологи-ученые В.В.Давыдов, И.В.Дубровина, Д.И.Фельдштейн, А.К.Маркова, В.А.Крутецкий, С.К.Бондарева.

Ученая и организаторская деятельность Сарсенбаевой Б.И. направлена на совершенствование подготовки студентов. За время работы на кафедре она

проявила себя как преподаватель, успешно овладевший педагогическим мастерством. В течение многих лет читает лекции и ведет семинарские занятия по курсам «Общая психология», «Психология развития», «Юридическая психология», «Психология высшей школы», «Менеджмент образования», «Теория и методика воспитательной работы» и т.д. В своей работе постоянно совершенствует методику преподавания, использует в учебном процессе инновационные технологии обучения. Ее отличают трудолюбие, исполнительность, ответственность.

По результатам научных исследований выступает с докладами на городских, областных, региональных, республиканских, международных конференциях. Сарсенбаева Б.И. ведет большую научную работу, под ее руководством защищено большое количество дипломных и курсовых работ, часть из них отмечена на республиканских



конкурсах студенческих работ, выполняются магистральные диссертации.

Все свое время она отдает работе, науке. Имеет свыше 100 научных работ. Награждена Почетной Грамотой Министерства образования и науки РК, медалью «Ветеран труда», а также за достигнутые успехи в области науки Республики Казахстан Ботагоз Иватовна награждена нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан».

Мы высоко оцениваем труд и вклад ученого Б.И.Сарсенбаевой в развитие нашего университета. В год юбилея хочется пожелать Ботагоз Иватовне крепкого здоровья, новых творческих свершений, активного долголетия в науке.

**В.П. КАПЛЕНКО,  
Ш.Т. ГАБДРАХМАНОВА**

Өзық тәжірибе - өнеге

## Парасат-пайымы мол әріптес

Кітап-уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қайнар бұлағы. Мәдениет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды дегендей, егеменді мемлекетіміздің болашағы жастардың мәдени танымдық қабілетін қалыптастыратын мәдени ортаның бірі кітапхана болып табылатынын бүгінде білмейтін адам кемде-кем. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның рухани баюы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жүрген мамандық иелері бар.



Солардың бірі М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Ғылыми кітапханасының әдебиеттерді жинақтау және өңдеу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып келе жатырған Днекешева Гулзада Баритовнаны еңбегі ұшан-теңіз. Днекешева Гулзада Баритовна 1983-1985 жылдары Саратов облысының мәдени-ағарту училищесінің «Кітапхана ісі» мамандығын, 2003-2006 жылдары М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің

«Кітапханатану және библиография» факультетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 1985-1988 жылдары Саратов облысында Демьяс станциясындағы №5 кітапхана филиалының меңгерушісі ретінде бастап, 1988-1994 жылдары Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетінің кітапханасының библиографы, 1995 жылдан бастап БҚМУ ғылыми кітапханасында кітапханашы, ал 2007 жылдан бастап әдебиеттерді жинақтау және өңдеу бөлімінің меңгерушісі болып адал қызмет етіп келеді.

Гулзада Баритовна жұмыс жоспарына сай еңбек етіп, университет бейініне сәйкес және оқырмандардың ақпараттық сұраныстары бойынша кітап қорын оқулықтармен толықтыруды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік сатып алу бағдарламасына орай тендерге сатып алынатын кітаптар тізімін шығарады.



Кітаппен қамтудың «Электронды кітаптарды толықтыру» жұмысын жүргізіп, «Библиотека 5.2» және «ИРБИС» электронды кітапхана бағдарламасымен шұғылданады. Өз ісіне деген қызығушылығы, икемділігі, кітапхана ісіндегі мол тәжірибесі кітапханалық-ақпараттық жұмысты жандандырып, қыры мен сырын игеруге, жаңашылдықты енгізуге жетеледі.

Г.Б.Днекешева - М.Өтемісов атындағы БҚМУ электронды кітапханасын құрып, бір жүйеге келтіргендердің бірі. Сапа менеджменті жүйесін кітапхана ісіне сапалы түрде енгізе білді.

Осы еңбектері бағаланып, БҚМУ басшылығының Алғыс хат, Құрмет грамоталары мен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының университет кітапхана ісіне жаңа технологияларды енгізудің халықаралық үлгідегі «Elsevier» және «Springer», «Thomson Reuters» компанияларының сертификаттарына ие. 2018 жылы А.Байтұрсынов атындағы қола медальға ие болды.

Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігі үшін абыройлы еңбек етіп келе жатқан Днекешева Гулзада Баритовнаға деніне саулық, отбасына амандық тілей отырып, тек биіктен көрінуіне шын жүректен тілектеспіз!

Ғылыми кітапхана ұжымы

**27 сәуірі күні Шабыт ШБО ҚБ Орал қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «JAN'A SERPILIS» атты «Студенттік көктем – 2018» фестивалі өткізілген болатын. Шараның негізгі мақсаты – талантты жастарды анықтау және қолдау. Бір сахнада тоғысқан Орал қаласының 4 жоғары оқу орнының, атап айтқанда, М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Жәңгірхан атындағы БҚАТУ, ҚАЗИИТУ және ЗКИТУ студенттері 8 аталым бойынша бақтарын сынады.**

## «JAN'A SERPILIS»

Университетіміздің дарынды жастары көрермендерді де, қазылар алқасын да өнерімен тамсандырып, жүлделі орындарды иемденіп, БҚМУ-ды жалпыкомандалық есепте бас жүлдеге жеткізді. Соның ішінде эстрадалық өн номинациясы бойынша Елдос Утеген, филология факультетінің «Dalida» ансамблі заманауи би номинациясында, тарих, экономика және құқық факультетінің студенттерінен құралған ұлт аспаптарында орындаушыларының «Шежіре» ансамблі, үздік бейнеролик номинациясы бойынша 1-орынды, мәдениет және өнер факультетінің «Мұрагер» құрамасы КТК ойындары бойынша, ұлттық өн номинациясында Анар Ахметжанқызы, көркемсөз шеберлігінен Гульдана Набиденова 3-орынды иеленді. Бұл жеңіс қара шаңырағымыз үшін алғашқы емес, талай жеңістің дәмін татқанбыз, соңғысы да болмайтынына сенеміз. Сондықтан, келешектегі жарыстарға қатынасатын өнерлі жастарға сәттілік пен шабыт тілейміз. Алға, Махамбет ұрпақтары!

Сая ДУЙСЕНБАЙ

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

### МЕНШІК ИЕСІ:

**Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.**  
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

### РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

### ТІЛШІЛЕР:

Сая ДУЙСЕНБАЙ, Алтынғұл ДӘУЛЕТБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА, Ақкенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ақзия Әділқызы НИЯЗҒАЛИЕВА

### БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

### ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken@wksu.kz